



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

«Бала – бауыр ет» дегенде көбіктей жел-жеңіл етіп, төркініне тереңдемей, желіп өте шығатынымыз бар. Алайда бала тақырыбы ең өзекті, тіпті жұлындай жанды жеріміз екенін көп ескере бермейміз.

Кеше Парламент Мәжілісінде бұрын-соңды болмаған тосын жай болды. Еліміздің бала құқықтары жөніндегі уәкілі Зағипа Балиева депутаттардың алдына бетперде киген жасөспірім қызды ертіп келді. Жүзін тұмшалаған қыз мәжілісмендерге «111» жедел

тыңдадым» деп, басынан кешкен қиын күндерін жасырмай әңгімеледі.

Кейін әлгі қыз мектепке келген мамандардан «111» сенім телефонын алыпты. Оңашада хабарласқан. Олар бұған психологтың телефон нөмірін береді. Сөйтіп өмірдің бір ауыр кезеңінде өз-өзінен баз кешкен жасөспірімге психологтар көмектесіпті. Маман үнемі қоңырау шалып, көңіл-күйін,



оқиғалары әлі де ұшырасады.

Әсіресе, кара жолдағы көлік апаты ересектерді ғана емес, тұлымды ұл, тұлымшақты қызға да бүйідей тиіп тұр. Мектеп жасындағы қаншама ұл-қыз осы темір көліктің зардабынан қыршын кетіп

жатыр? Кара жол үлкен-кіші, бала-шаға деп ешкімді бөлмейді.

Сенат депутаты Бірғаным Әйтимова баланың мектептегі ас-ауқатына алаңдаулы. Ол өзінің депутаттық сауалында оқушыларға берілетін тамақтың сапасына сын көзбен қарап,

БЕТПЕРДЕМЕН



қызметінің өзін суицидтен қалай аман алып қалғанын айтып берді. Әлгі қыз «5 жыл бұрын ата-анам қайтыс болып, мені төтем алып кетті. Бөтен үйдегі алғашқы түн өмірімдегі ең ауыр сәтім болды. Ата-анамның жоқтығын сол кезде шын сезіндім», — деп бастады сөзін.

Ата-анасынан ерте айырылған қыз одан ары қалай өмір сүру керектігін білмей, іштей күйзеліске түседі. Мектепке барған. Бірақ мектепте жасөспірімдердің арасындағы кемсіту сияқты қиындық басталады. Оқу жайында қалады. Сыныптастары сыртынан өсектеп, қыздың кеудесінен итеретінді шығарыпты. Соның бәрі оны қоғамнан оқшаулайды. Мұндай сәтте адамның жалғыз қалғандай күй кешетіні анық.

Бетперде киген қыз «Тығырыктан жол таппай, өз-өзіме қол жұмсауды ойлай бастадым. Интернеттен әр түрлі сайтқа кірдім, фильм көрдім. Тіпті сериал қарадым. Суицидті қалай жасау керектігі туралы жазба, әндер бар, соны

денсаулығын біліп тұрған. Қазір ол өзін жақсы сезінетінін, қараңғы ойлардан арылғанын қуанып тұрып жеткізді.

Ал Зағипа Балиева елімізде бала өлімі көрсеткішінің төмендегенін айтты. Оның сөзіне қарағанда, біздің елде соңғы 10 жылда балалар арасындағы өлім-жітім дерегі кеми түсті. Дегенмен жағдай әлі де алаңдатарлық күйде. 2008 жылы 10 129 бала қаза тапса, 2017 жылы бұл сан 5355 балаға азайған. Яғни бала өлімі 2 есеге төмендеді деген сөз. Бірақ бұл көрсеткіш балалар арасында ауру-сырқаудан көз жұмғандардың сирегенін көрсетеді. Ал сыртқы себептердің әсерінен болатын, мәселен, жол-көлік апаты, су, өрт, суицид, кісі қолынан жазым болу

бағасына күдік келтірді. Мектеп асханаларындағы тамақтың да тендерге түсетінін, ал кәсіпкерлер 100 тенгеге ең арзан, сапасыз тамақ дайындайтынын айтты. Сенатор «100 тенгеге қазіргі нарық заманында қандай тамақ дайындауға болады? Осындай сапасыз тамақтардан балалар үнемі уланып жатады», — деп сөзін түйді.

Елдің болашағы — бүгінгі ұрпақ. Ал болашағын кемелді болсын десен, бүгінгі жас буынның бас амандығымен бірге жан тазалығы да, денсаулығы да өзекті хәм өміршең мәселе.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Ұлттық қордың қаржысына қауіп төніп тұрған жоқ. Брюссельдің бірінші инстанциядағы соты АҚШ-та бұғатталған Қазақстанның келешек үшін жиған байлығының 21,5 миллиард долларын алдын ала босату туралы шешім шығарды. Бұдан бөлек, Ұлыбритания соты қалған 530 миллион долларға салынған тыйымды алып тастай алады деген қаулы қабылдады. Мұндай қомақты ақшаға еліміздің мұнай-газ саласына инвестиция құйған молдовалық бизнесмен Статидің Англияның Жоғарғы сотына түсірген талап-арызы негізінде бұғат салынған еді. Ол өз шағымында «инвестициясын тым арзанға сатуға мәжбүрледі» деп жазған. Ал Астана бұл айыптауды терістеп, Статиді «алаяқтық жасады» деп айыптаған болатын. Бельгия сотының ұйғаруынша, енді 530 млн долларға тыйым салу үшін негіздің бар-жоқтығын ағылшын соты шешуі тиіс. Біз осы істің басы-қасында жүрген әділет министрі Марат Бекетаевті сөзге тарттық.



М.БЕКЕТАЕВ:

СТАТИДІҢ СТРАТЕГИЯСЫНА СЫЗАТ ТҮСТІ

— Былтыр желтоқсанда New York Mellon банкі молдовалық бизнесмен Статидің арызы бойынша Қазақстан Ұлттық қорының 22 миллиард доллар қаржысын бұғаттағаны жария болды. Бұл ақпарат елді елең еткізді. Біраз депутат халықаралық мәселеге алаңдаушылық танытып, сізге түрлі сауал жолдады. Енді 21,5 млрд долларды бұғаттан шығарды. Қалған 530 млн долларға салынған тыйымды қашан алады?

— Бельгиялық судьяның сөзінше, әзірге 530 млн доллар салынған тыйым уақытша қалады. Ал Ұлттық банк пен Bank of New York Mellon банкілерінің мәселелері екі қаржы институтының арасындағы келісімдер негізінде реттелетінін айтып отыр. Ол құжатта ағылшын құқығы көрсетілген. Осы келісім құжаттарының негізінде біз ағылшын сотына шағым түсірдік. Қазақстан тарапы өзінің ұстанымынан тайқымайды. Арбитражды төрелік алаяқтыққа негізделген. Бұл шешімнің алып-сатарлық емес екені де талай рет қолдау тапты. Осы бағыттағы жұмыстарымызды жалғастыра береміз. Біз бельгиялық соттың шешімі шыққан бойда бір тәуліктің ішінде шағым түсірдік. Неге бірден шағым түсірді десеніздер, қолымызда бірнеше сценарий бойынша дайындалған құжаттарымыз бар. Қайсысы онтайлы, сол бойынша дәлелдеп шығуға дайынбыз. Қазір әліптің артын бағып отырмыз. Статидің схемасы олардың көз алдында бұзылуда. Стати қандай іс-әрекет жасаса да, шындықты жасыра алмайды. Тыйым салынатын қаражатты ұлғайту және бұл ретте үшінші тұлғаларды қамтуға бағытталған Статидің стратегиясына сызат түсті. Статидің стратегиясы бастапқыдан елімізге қысым көрсетуге бағытталған.

— 22 млрд доллар аз ақша емес. Бұғатталған уақыттың ішінде Ұлттық қордың қызметіне зияны тиген жоқ па?

— 22 млрд доллардың бұғатталғанынан Қазақстанның Ұлттық қоры айтарлықтай шығынға батқан жоқ. Айта кету керек, бұғат қойылған уақытта да бұл қаржы айналымда болып, қазынаға табыс өкелді. Ал қазір ол қаражатты инвестицияға бағыттап, ел игілігіне жұмсауымызға болады.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

МҮСІРЕПОВКЕ МУЗА БОЛҒАН АКТРИСА



Қабағында кірбің, жанарында мұң, жаны жасып, жүрегі күйзеліске түскен, тұла бойын өкініш билеген бір кездегі жас та көрікті қайран актриса!.. Айымторы неге мұңаяды?

(Толығырақ 7-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
77,58

DOLLAR
330,67

EURO
384

РУБЛЬ
5,30



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

«Әлемдік қаржы дағдарысы басталғаннан бері 10 жыл өтті. Дағдарыстан шығу үшін біз арнайы бағдарламалар әзірледік, жол картасын қабылдадық, жұмыстан босап қалған адамдарға қол ұшын создық. Көптеген шаралар жүзеге асырылды. Біз шетелден инвестиция тарттық және өз қаржымызды да пайдаландық. Сол арқылы ұлттық экономикамызды құлдыратпай, дағдарыстан шығуға мүмкіндік алдық». Елбасы Ақордада өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында осылай деп мәлімдеді.



Н.Назарбаев «Президент Әкімшілігі мен үкімет одан әрі дамуымыздың жолдарын іздестіруі керек. Біз болашақта тиісті шаралар қабылдау үшін болжам жасауымыз қажет. Біздің алдағы іс-әрекеттеріміз

Елбасы мемлекеттік мекемелердің қызметі ел тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталуы тиіс екенін айтты.

Сонымен қатар Н.Назарбаев халықты жұмыспен қамту, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

НЕГІЗГІ ЖҰМЫС – ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ

Күн тәртібіне сәйкес, жиында еліміздегі құрылымдық және институционалдық реформалардың жүзеге асырылу барысы және Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық ахуалы талқыланды.

Мемлекет басшысы жаһандық үрдістер мен қалыптасқан геосаяси ахуалды ескере отырып, дамудың жаңа бағдарламаларын әзірлеу қажеттігін айтты.

жөнінде айқын ұстанымымыз болуы тиіс», – деді.

Қазақстан Президенті қазіргі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділігіне тоқталып, олардың уақтылы және сапалы орындалуының маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ агроөнеркәсіп секторын одан әрі дамыту және қайта өңдеу саласына инвестиция тарту үшін тиісті шаралар қабылдау қажеттігіне назар аударды.

жүйесін енгізу, шағын және орта бизнесті қолдау, жастарға кәсіби білім беріп, жұмысқа орналастыру мәселелеріне тоқталды.

Басқосу қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті үкіметке және басқа да мүдделі мемлекеттік мекемелерге бірқатар нақты тапсырма берді. Ал оның орындалуын қадағалау Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесінің аппаратына жүктелді.

(Өз тілшіміз)

Ақжолтай

Осы аптада еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қытайда ұсталған 12 Қазақстан азаматының тоғызы босатылғанын мәлімдеді. Министр қос азаматтық алған қандастарымыздың мәселесі елдің сыртқы саяси ведомствосы мен үкіметінің басты назарында екенін атап өтті.

Министр «Біздің Қытаймен келіссөздер жүргізуге ешқандай кедергі жоқ. Сәуір айында екі маңызды сапар болды. Қазақстандық делегацияның осы елге сапары барысында біраз мәселе көтеріліп, уағдаластыққа қол жеткізілді. Атап айтқанда, ұсталған

процедурасын дұрыс рәсімдемеген», – деді. Қ.Әбдірахмановтың айтуынша, сыртқы істер министрлігінде қиындыққа тап болған 170-ке жуық қандасымыз туралы мәлімет бар. Олардың туыстары министрліктен көмек сұрап келіпті. Қазір толыққанды

ҚАНДАСТАРЫМЫЗҒА ҚАМҚОР БОЛДЫ



Қазақстанның 12 азаматына қатысты мәселе қозғалды. Келіссөз нәтижесінде тоғыз азаматымыз бостандыққа шықты. Қалған үшеуі бойынша тиісті шара жүргізіліп жатыр. Қытай тарапының түсіндіруі бойынша, олар КХР азаматтығынан шығу

ақпарат жинастырылып жатыр. Сыртқы істер ведомствасының басшысы осы отандастарымызға көмек көрсету үшін ресми Бейжіңмен әлі де келіссөздің жалғасатынын хабарлады. Айта кеткен жөн, қандастарымыз Қытай азаматтығынан әлі шықпаған көрінеді. Ал халықаралық Вена конвенциясына сәйкес, өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласуға жол берілмейді. Сондықтан бұл өте күрмеуі қиын мәселе болып тұр.

Министр Қытаймен арадағы келіссөздердің өзара түсіністік пен серіктестік рухында жүргізіліп жатқанын атап өтті.

(Өз тілшіміз)

Құрылыс

Алматы облысында «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының» құрылысы басталды. Салтанатты шараға қатысқан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин Елбасының тапсырмасымен басталған жол

құрылысын жүргізу аса маңызды екендігін атап өтті.

АЛТЫ ЖОЛАҚТЫ АЙНАЛМАЛЫ ЖОЛ

Бұл айналмалы жол ел тарихындағы ең ірі мемлекеттік-жекеменшік сектордың қатысымен басталған инфрақұрылымдық жоба саналады. Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың хабарлауынша, өңірде инфрақұрылымдық жобаны табысты жүзеге асыруға

қолайлы жағдай жасалды. Автожол құрылысына жергілікті тұрғындардың 90 пайызы қатыстырылып, шамамен екі мың жұмыс орны ашылады. 66 шақырымдық Алматы айналма жол жобасы 1-ші техникалық санаттағы, алты жолақты көлік қозғалысын қамтамасыз етеді.

Export

Биыл еліміздің ішкі нарығы толығымен отандық жанар-жағармаймен қамтамасыз өтіледі. Үш мұнай өңдеу зауыты бензинді артығымен өндіреді деген болжам бар.

ТЕК ӨЗІМІЗГЕ ЕМЕС, ӨЗГЕГЕ ДЕ САТАМЫЗ

Энергетика министрі Канат Бозымбаевтың айтуынша, қазірдің өзінде резервте АИ-92 маркалы бензиннің көлемі 316 мың тоннаны құрап отыр. Бұл нақты сұраныстан бір жарым есеге артық. Ал Шымкент мұнай өңдеу зауыты толығымен іске қосылғаннан кейін артық жанар-жағармайдың көлемі арта түседі. Сол кезде қор көлемі 560 мың тоннадан асады. Шымкент мұнай өңдеу зауытының модернизациясы аяқталғанда дизельді отын жағынан да өзімізді толығымен қамтамасыз ете алады екенбіз. Министрдің сөзіне қарағанда, тиісті құжаттар осы жылдың қыркүйек айына дейін реттелсе, қазан-қараша айында отандық бензинді экспортқа шығару жоспарланып отыр.



АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

501

шетелдік азамат Батыс Қазақстан облысында әкімшілік жауапкершілікке тартылады

6

орамал таққан қыз Ақтөбеде келесі сыныпқа көшпейтін болды

1,6

Алматыда автобуспен қызды қағып өлтірген жүргізуші осынша уақытқа бас бостандығынан айырылды

Сөз-Жөбе

Жақып АСАНОВ, Жоғарғы Сот төрағасы:

«Қоғам сот жүйесін сынап, судьяның жұмысына көңілі толмаса, біз оны көбінесе мойындамаймыз. Цифрларға қарасақ, көңілге қонымды, сендіретін цифрлар. Содан соттардың жұмысы жайында оң пікір қалыптасады. 2017 жылы қылмыстық және азаматтық істер бойынша үкім мен шешімдердің 20,4 пайызына шағым түскен. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 1%, 7%, 6%-ды ғана құрайды. Осылайша, даулы істерге даусыз істердің санын қосып, жұмысымызды жылтыратып отырмыз. Бірақ «ауруын жасырған өледі» дегендей, мұны қоғамға ашық айтқанда ғана келешекте жағдайды жақсарту мүмкін болмақ»



7 сөз

Көкжайлау орталығы қалың көпшілікке арналып салынатын болды

Қызықстан қызықтары

Жұрттың бәрін «аяғым ауыр» деп сендірген подполковник әйелдің айласы жүзеге аспады.



ОЛАЙ ЕМЕС ЕКЕН

рапорт жазған. Тіпті жүкті әйелге берілетін мемлекеттік жәрдемақыны да алуға өтініш білдіріпті.

Шенді әйел әскери қатан тәртіптен шаршаған болуы керек, қалалық емхананың бірінен бала көтергендігін растайтын жалған құжатты сатып алған. Осы құжатты желеу еткен келіншек, басшылықтан қызметтен уақытша босатуын өтініп,

Істі тексеру барысында құжаттардың жалған екендігі анықталып, келіншек кінәсін толық мойындады. Ақмола облыстық сотының шешімімен 113,5 мың теңге көлемінде айыппұл төлейтін болды.

АПТАНЫҢ АЙТЫСЫ

Асқар САБЫРОВ, кәсіпкер:

«Бізге арзан және үстемесі 5 пайыздан аспайтын ұзақ мерзімді несие беріңіздер. Сонда субсидиядан мүлдем бас тартамыз. Аграрлық сала – қазсаң, мұнай атқылайтын ұңғыма емес. Бау-бақшадан пайда көру үшін 10-15 жыл керек. Сіздер бес жылдан кейін келіп: «әлгі алмаң қайда?» деп сұрайсыздар. Ал алма жоқ»



Владимир БОЖКО, Мәжіліс төрағасының орынбасары:

«Сен бізді алма ағаш отырғызатын бағбан деп ойлама. Нақты қандай көмегіміз керек? Соны айт! Алма ағашынан сегіз жылдан кейін ғана өнім аламын дейсің. Егер сен осыны отырғызатын болсаң, шығынға батасың. Еуропа елдерінде бақтар үш жылдан кейін өнім бере бастайды. Алматы облысында да сондай бақтар баршылық»

Бес бастама

Биыл шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бюджеттен қосымша 20 млрд теңге бөлінеді. Осылайша шағын несиенің жалпы сомасы 62 млрд теңгені құрайды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» төртінші міндет ретінде «Шағын несие беруді көбейту» көрсетілген. Ал жеңілдетілген несие көлемінің ұлғайтуы өзін-өзі өңбекпен қамтығаңдардың, кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдіретіндердің қатары көбейді дегенді білдіреді. Жалпы жеңілдетілген несие беру жеке кәсіпкерлікті дамытудың ең тиімді жолы саналады. Биыл шағын несие алатындардың саны өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жетеді. Барлығы жоспарға сәйкес жүзеге асырылса, мыңдаған адам өз ісін аша алады. Бастама сонысымен де маңызды. Біз осы игі жобаның пайдасы туралы экономистерден сұрап білдік.



Рахман АЛШАНОВ:

КӘСІПКЕРЛІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІ ӨЗГЕРТЕЙІК

Елбасы бастамасының мақсаты — халыққа қолдау көрсету. Қазір қандай да бір істі бастау үшін қаражат керек. Ал банктен несие алу қымбат. Оған басым көпшіліктің кепілдікке қоятын мүлкі жоқ. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан ақша шағын несие алып, өз ісін ашамын дегендерге жетіп қалуы керек. Дегенмен қаржыны алып, ары қарай ісін жүргізе алмай қалатындар да болады. Сол үшін бизнесті жан-жақты оқытатын курстар ашылып жатыр. Бұл салаға енді қадам басқандар алдымен білімін жетілдіріп алса дұрыс болады. Себебі бұл жәй ғана бір істі бастау емес, болашағына жол ашатын жауапты жұмыс. Қазір біздің кейбір азаматтар ісін дұрыс жүргізе алмағандықтан банкке қарыздар. Сол пайызынан құтыла алмай әуре-сарсаңға түсуде. Елбасының бұл бастамасы алғашқы көмек ретінде беріледі. Бірақ отандастарымыз негізінен дүкен, кафе ашуға дайын. Жан-жақты болжау керек қой. Себебі қазір дүкен де, кафе де көп. Сондықтан қазіргі таңда ақша алу қиын емес, алайда оны қайтарудың жолын ойлағаны жөн. Себебі несиені алып, оны дұрыс жұмсамай кәсібі тоқтап тұрғандар қаншама. Мысалы, Германияда 60-40 пайыз өнімді шағын кәсіпкерлер өндіреді екен. Ал біздің елде үлкен бизнестен гөрі шағын бизнеспен айналысқан тиімді. Жан-жағымызда өндірісі жолға қойылған алып елдер баршылық. Сондықтан қазір тек тамақ, киіммен айналысуды ойламай, жаңа істі бастау қажет. Сұранысқа байланысты, шағын бизнес ашқан дұрыс. Астанада уялы телефондардың қабын жасайтын, тон тігетін жігіттер бар. Олар ай сайын шамамен 20-30 тон тігеді. Тауарына сұраныс болған соң, шығыны да ақталады. Сонымен қатар пайда да тауып жатыр. Шетелде 100 жұмыс күші барды шағын кәсіпкер дейді. Ал бізде керісінше 100 адамы болса, онда үлкен кәсіпкерлік болып саналады. Шағын кәсіпкерліктің арнасын кеңейту керек. Қазір заман да, заң да өзгерді.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ



«Биыл қазақстандықтарға берілетін шағын несие»
былтырғымен салыстырғанда
20 миллиард теңгеге көбейтуді
тапсырамын.
Сонда оның жалпы сомасы
жылына 62 миллиард теңге
болады.
Нәтижесінде несие алып, ісін
бастайтын азаматтардың саны
былтырғыдан 2 есеге артып, 14 мыңға жетеді»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасынан»)

Мақсат ХАЛЫҚ:

ӨҢІРЛЕРГЕ ДЕМЕУ БОЛАР БАСТАМА



Биыл Елбасы шағын және орта кәсіпкерлікке бөлінетін қаражатты 20 млрд теңгеге арттырып, жалпы сомасын 62 млрд теңгеге жеткізіп отыр. Өткен жылы 7 мыңнан астам азамат осы шағын несиені алған екен. Биылғы жылы кемінде 11 мыңға жуық азамат осы несиені алуы мүмкін. Әрине, бұл жаман көрсеткіш емес. Өңірлерде, аймақтарда шағын кәсіпкерлікті дамытуға өз септігін тигізбек. Мемлекет тарапынан мұндай қолдаудың болуы, белгілі бір дәрежеде кәсіпкерлікке қан жүгіртіп, дамуына септігін тигізеді деп айтуға болады. Ал осы шағын несиелендіруді жүзеге асыратын шағын несиелік ұйымдардың қызметіне қатысты өз пікірімді айтатын болсам, олардың банкке қарағанда аздап артықшылығы бар. Себебі, банктер көбінесе ірі қалаларда шоғырланады. Ауыл-аймақтарда, өңірлерде банктердің филиалдары көбінесе бола бермейді. Бұл жерде шағын несиелік ұйымдардың рөлі өте жоғары. Өңірлердегі ауыл аймақтары мен шаруа қожалықтарына, фермерлерге осы қаражаттың тиімді жетуіне септігін тигізеді.

Жазып алған Елдос ӨМІРЗАҚ

Қолдау

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» бағдарламасының үшінші бөлігінде «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» туралы айтылған мәселесі өте орынды болды. Бастамадан соң Іле-Шала Ақмола облысында да білім алушы жастарға арналған жатақхана салу жоспары түзеле бастады. Бүгінгі күні белгілі болып отырғанындай, Көкшетау қаласында 2870 орынды қамтитын 11 жатақхана салынбақ.

Шындығында, облыс орталығында бұл мәселе ұшығып тұрған болатын. Кешегі кеңес заманында Көкшетау қаласындағы педагогикалық және ауыл шаруашылығы институттарының бірер жатақханалары болған еді. Өтпелі кезеңде жекеменшіктің қолына өтіп кетті де, соңғы жылдары студенттер пәтер жалдап тұра бастады. Әсіресе, шалғай елді мекендерден келген жастарға өте қиын болды. Мәселен, бүгінгі таңда Шокан Уәлиханов атындағы

Өңірдегі өз ісіне тиянақты «Регион строй» компаниясымен келісімшарт та жасалыпты. Сондай-ақ екінші 500 орындық тағы бір жатақхана тұрғызу мәселесі қарастырылып жатыр. Облыстық әкімдік тарапынан көмек көрсетіліп, жер берілетін болса, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жоғарыда айтылған жатақхананы салу жоспарлануда.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің шамамен 500-ден астам



ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСТАРҒА ҚАНАТ БІТІРЕДІ

Көкшетау мемлекеттік университетіне бір мың орындық, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің студенттеріне 500 орындық жатақхана қажет екендігі белгілі болып отыр.

«Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет. Қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті. Бұл міндетті шешу үшін жоғары оқу орындары, колледждер мен девелоперлік компаниялар мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қағидасымен жатақхана салуды бастауы керек. Мемлекет өз тарапынан білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді. 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырамын. Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді» деп атап көрсеткен болатын Елбасы.

Облыста студенттердің ең көп шоғырланған жері — Көкшетау қаласы.



Қазір мұнда төрт бірдей жоғары оқу орны мен бірнеше орта арнаулы білім ошақтары жұмыс істейді. Елбасының жастарға қамқорлығы олардың да үміт отын тұтатып, болашағына сеніммен қарауына себепкер болып отыр. Бағалы бастама жергілікті жерде қалай жүзеге асырылатындығын білу үшін білімнің қара шаңырағы санатындағы Шокан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Аманай Сейіткасымова жолықтық. Проректордың айтуына қарағанда, оқу орнының күндізгі бөлімінде үш мыңнан астам студент білім алып жатса, оның тек 1310-ы ғана жатақханада тұрады. Бір ғана оқу орнының өзінде қанша студенттің жатақханамен қамтамасыз етілмегендігін осы бір деректен-ақ аңғаруға болады. Әрине, университетінде қала жастары да білім алуға. Дегенмен жатақханаға қолы жетпей жүрген жастар аз емес. Оның үстіне алдағы оқу жылында медицина факультетінің ашылуына байланысты тағы да бір мың студентке баспана қажет. Міне, осындай қажеттіліктен кейін университет жанындағы Смағұл Сәдуақасов атындағы ауыл шаруашылығы институтына тиесілі бос жатқан 2,2 гектар жер теліміне 500 орындық жатақхана салынбақшы.

студенті де жатақхананың жоқтығынан жайсыз күй кешуде.

— Мен ақлы бөлімде білім алып жүрмін. Жатақхана болмаған соң, пәтер жалдап тұрамын. Облыс орталығында қазір бір бөлмелі пәтерді орта есеппен 60 мың теңгеге жалдайсыз. Жалғыз емес, әрине. Құрбыларыммен қосылып жалдағанның өзінде төлемәқысы қалтаны қағады. Біздің оқу орнындағы көптеген студенттер осылай күнелтіп жатыр. Әуелгі екі жылда туыстардың үйінде тұрдым. Бірақ қымбатшылық жайлаған бүгінгі заманда қанша жерден туыс болса да, жалғыз айлыққа қарап отырған жамағайынның үйінде тұру ұят. Сосын үшінші курстан бастап жұмысқа орналасқан соң пәтерәқымды өзім төлейтін болдым.

Студенттердің айтуына қарағанда, облыс орталығына жақын ауылдардан қатынап оқитындар аз емес екен. Тіпті пәтерәқысы орталықтан арзандау болған соң қыста көлік жүрмейтін, қар басып қалатын саяжайларда да тұратындар аз емес көрінеді. Ауылдағы ата-анасының көмегі болмаған соң қаражаттан қиналып, қаншама талапты жастар оқуларын тастап кетіпті. Бұл жайдың берік білім алуға да тигізер әсері бар.

— Қала шетіндегі уақытша баспананы паналап шықтым, — дейді осы оқу орнының студенті Айгүл Рамазанова, — кешкілік кітапханада отырып дайындайын десең, шетке жүретін автобустар тоқтап қалады. Таксиге қаражат қайдан келсін. Сосын амал жоқ, кітапханаға кіре алмаймын.

Облыс әкімі Мәлік Мырзалын бағалы бес бастамаға байланысты Достық үйінде өткен дөңгелек үстелдің бірінде болашақта облыс орталығында 2870 орынды қамтитын 11 жатақхана салынатындығы туралы қадап айтқан болатын. Әкімнің алдына қойып отырған осы міндеті жүзеге асса, студенттердің жағдайын жақсарып қалар еді.

Облыстық білім басқармасы мамандарының мәлімдеуінше, Жанайдар Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі жастарға арналған 320 орындық жатақхана құрылысын қолға алмақшы. Жоғары техникалық колледж 600 орынды қамтитын 9 қабатты екі корпусы жатақхана салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ Біржан сал атындағы музыкалық және Ақан сері атындағы мәдениет колледждері тиісінше 150 және 300 орындық жатақхана тұрғызуды жоспарлауда.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Сұхбат

Jas qazaq: Жаныл ханым, «Халыққа қызмет көрсету орталықтары (*ХҚКО*)» жұмыс істегелі халықтың мемлекеттік қызметтерді пайдалануы анағұрлым жеңілдегендей. Дегенмен, «ЦОН» деп аталып кеткен осы мекеменің қызметі туралы ақпарат берсеніз.

Ж.Әпетова: Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ашылуы — еліміздегі саяси интеграцияның нышаны. Орталық конституциялық талап пен нарықтық қоғам талаптарына сай, азаматтарға қолайлы негізде 2007 жылы өз жұмысын бастады. Халықтың құжат мәселесін реттеуде орталықтардың ашылуы — үлкен құбылыс болды. Бұрын бір анықтама алу үшін бітпейтін кезек пен түрлі кабинетке алтын уақытын сарп ететін халық «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы барлық құжатын бір демде реттеу мүмкіндігіне ие болды.

Мемлекеттің даму сатысы жоғарылаған сайын халықтың сұранысы да арта түсетіні белгілі. Көпшілік «бір терезе» деп атаған бұл мекеме, түрлі жаңғыртулар мен онтайландыруды бастан өткерсе отырып, бүгінде ешкім күтпеген жетістікке жетті. Алғаш құрылғанда 25 мемлекеттік қызмет түрін көрсеткен орталық, бүгінде 548 қызмет түрін көрсететін үлкен мемлекеттік корпорацияға айналды.

Мемлекет басшысы 2015 жылдың 19 қарашасында «Ұлт жоспары — бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» аясында, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын құру туралы» Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгеріс

Бұрын көлік сатып алсақ, құжатын рәсімдеуге бір күн де жетпей қалатын. Тіпті жаңа туылған сәбидің туу туралы куәлігін, жеке құжатты жасату үшін де аптаап, айлап есік қағып, табалдырық тоздыратынымыз. Қазір бәрі оңай. Халыққа қызмет көрсету орталығының (*ХҚКО*) қызметі – халықты қағазбастылықтан құтқарған бірегей жоба. Біз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы бойынша филиалы қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері Жаңыл Амантайқызы Әпетовамен ХҚКО жетістіктері, жаңа бағдарламалары төңірегінде сұхбаттастық.

үкімет» порталы және басқа да мемлекеттік ресурстарға шығу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген жұмыс орындары ұйымдастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторында азаматтар өз бетінше ЭЦҚ алуға өтінім беруге, сондай-ақ 700-ден астам электрондық қызмет пен сервис алуға мүмкіндігі бар.

Jas qazaq: Мұның бәрі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жасалып жатқан жұмыстар ғой сонда?

Ж.Әпетова: Дұрыс айтасыз, мұның бәрі Елбасы міндеттеген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы жұмыс. Бұл ғана емес, бүгінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында үнемі онтайландыру жұмысы жүргізіліп, мемлекеттік қызметтер автоматтандырылып, «бір терезе» қағидаты бойынша бизнес-процесті «бір өтініш» принципіне көшіру жұмысы жүріп жатыр. Өмірлік қажетті

Е-GOV – ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойған еді.

Соның нәтижесінде, Канададағы Canada Service және Аустралиядағы Centrelink үлгісі бойынша мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдеріне айналатын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрылды. Мемлекеттік корпорация халыққа қызмет көрсететін барлық орталықтарды бір жүйеге интеграциялап, ел азаматтары мемлекеттік қызметтерді бір жерден алатын етті.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылымында 2016 жылдың сәуір айынан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы өз жұмысын бастады. Жаңа мемлекеттік корпорация төрт мемлекеттік



кәсіпорынды біріктірді: халыққа қызмет көрсету орталығы, жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы, жылжымайтын мүлік орталығы және мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы. Бірыңғай құрылым республика бойынша 21 мыңнан астам қызметкерді біріктірді, мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдері болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының «Тиімді мемлекеттік басқару», яғни 8-бағыты аясында мемлекеттік электрондық қызметтерді дамытуға басымдық берген еді.

Jas qazaq: ХҚКО-да қандай электрондық қызмет түрлері көрсетіледі?

Ж.Әпетова: Электрондық қызмет көрсетудің фронт-офистердегі жайына келсек, халыққа ыңғайлы қызмет көрсету мақсатындағы «Электрондық кезек» жұмысынан басталды. Бұл жұмыстың мақсаты — көрсетілетін қызмет түрінің сапа деңгейін көтеру, ХҚКО-да жұмыстың нәтижесін көрсетіп отыратын «негізгі нәтижелілік көрсеткішін» (KPI) айқындау. Ол бойынша орталық қызметкерінің қызметін бағалау ережесі анықталады. Мысалы, қызметкер азаматтармен диалог жүргізу кезінде сабырсыздық, дөрекілік танытып немесе қызмет көрсету уақытын талапқа сәйкес пайдаланбаса, қызмет көрсету аяқталған соң жұмысына баға бере алады.

Ал жалпы мемлекеттік қызметке келсек, «Электронды үкімет» бағдарламасындағы электрондық қызметтер (*e.gov.kz сайтындағы жаңашыл істер*) алға басуда, яғни ол халық арасында үлкен сұранысқа ие қызмет түрі. Соның ішінде көптеген анықтама автоматтандырылды. Мұнымен қоса, әлеуметтік маңыздағы қызмет түрі де жетілдіріліп келеді. Бұл үдеріс әлі де жалғасуда. Азаматтар үйінен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы электрондық цифрлық қолтанбаны, бір реттік смс-хабарламаны пайдалана отырып, электрондық анықтама мен басқа да электрондық қызмет түрін осы аталған порталдан ала алады. Интернет желісі болмаған жағдайда, электрондық цифрлық қолтанба (*ЭЦҚ*) бар өтініш беруші ХҚКО-ға келіп, қоғамдық қолжетімділік пункті арқылы электрондық қызмет түрімен бірге салық, өсімпұл, жол жүру ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлеу және т.б қызметті кассаға кезекке тұрмай-ақ пайдалануға болады. Қазіргі таңда мемлекеттік корпорацияның әрбір фронт-офисі өзіне-өзі қызмет көрсету Connection Point секторымен жабдықталған. Ол жерде «электрондық

мемлекеттік қызметтер проактивті тәсілмен ұсынылуда. Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың жаңа нұсқасы болып табылатын цифрлық ХҚКО ашу және басқа да көптеген жұмыс қолға алынуда.

Jas qazaq: Мемлекеттік қызметтерді проактивті тәсілмен ұсыну дегеніміз қандай тәсіл?

Ж.Әпетова: Проактивтілік деген — өркениеттің басты белгілерінің бірі. «Проактивті формат» қағидасы қандай? Біз мемлекеттік қызметке бастамашылық ету керек екенін білеміз. Енді азаматтар қызмет алуға жүгінбейді. Мұнда мемлекет телефон арқылы мемлекеттік қызметті алуды ұсынады.

Өткен жылдың соңында жүзеге асқан бірегей жобаның бірі — бала тууға байланысты

басында мекенжайын Сүйінбай даңғылындағы «Мерей» сауда кешеніне ауыстырумен қатар, айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Енді бөлім бір реттік смс құпия сөзін пайдалану арқылы немесе жеке куәлікпен электрондық қызметті алуға арналған 37 орындық цифрлық қызмет секторымен, сонымен қатар 4 қоғамдық қол жеткізу пунктімен жабдықталған. Мұнан басқа, ХҚКО-да egov.kz, elicense.kz, goszakup.gov.kz және басқа порталда өз бетінше мемлекеттік қызметті алу мен жұмыс істеу дағдысын үйренгісі келетіндерді оқытуға арналған сынып жабдықталған.

Jas qazaq: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында тағы қандай қызмет іске қосылды?

Ж.Әпетова: «Азаматтарға арналған үкіметті» қағазбастылықтан құтқаратын «Анықтамасыз қызмет» сервисі іске қосылғанын айтуымызға болады. Енді азаматтар мемлекеттік



мекемеге мекен-жай анықтамасын, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке тіркелген құқық және жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы анықтаманы қағаз жүзінде апаруға міндетті емес. Электрондық үкімет порталында «Анықтамасыз қызмет» — Paper free сервисі іске қосылған. Пилоттық жобаға сәйкес, смс-хабарлама арқылы қызмет алушының рұқсаты расталған жағдайда, үшінші тұлғаға ақпараттық анықтама ұсынуға мүмкіндік береді. Paper free — қызмет алушының рұқсаты расталған жағдайда, мемлекеттік мекеме мен жеке ұйымға электрондық үкімет арқылы анықтама беру қызметі. Бұл қызмет түрі ХҚКО қызметкерлерінің қатысуынсыз өтеді. Ал азаматтар жеке мәліметін беру-бермеу жөнінде шешімді өздері қабылдап, смс-хабарлама арқылы жауап береді.

Мысалы, жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп оқушылардан мекен-жай анықтамасын сұралады. Нәтижесінде миллиондаған ата-ана ХҚКО-ға ағылады. Енді Paper free сервисі бойынша, оқу орындары электрондық үкімет порталынан қажетті құжатты сұрата алады. Ал қызмет алушы, яғни ата-ана смс-хабарлама арқылы электрондық анықтама алуға бір реттік рұқсат бергенін растап, фронт-офиске бару міндетінен құтылады.

Бұл сервисіт қолдану үшін мобильді азаматтар базасына тіркелу қажет. «Анықтамасыз қызмет» механизміне сәйкес, мүдделі тұлға электрондық үкімет порталында авторизациядан өтуі тиіс. Содан соң «Үшінші тұлғаның анықтама алуы сервисі» бөлімін тандап, қай азамат туралы мәлімет алғысы келеді, соның жеке сәйкестендіру нөмірін жазуы керек. Егер азамат мобильді азаматтар базасында тіркелген болса, мүдделі тұлға анықтама түрін тандап, өзінің электрондық-цифрлық қолтанбасымен қол қояды. Сол сәтте портал автоматты түрде азаматқа смс-хабарлама жолдап, үшінші тұлғаға мәлімет беру немесе бермеу жөнінде шешім қабылдауды сұрайды. Азамат екі сағаттың ішінде жауап беруі тиіс.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда азаматтарды онлайн-тіркеу бір жүйеге түсті. Бұрынғыдай сағаттап кезек күтудің қажеті жоқ. Небары 10-20 минутта тіркелуге болады. Бұрын электрондық үкімет порталы арқылы тіркелгенде 10 пайыз АЕК көлемінде мемлекеттік баж төлеу міндеттелетін, жаңа ережеге сәйкес енді салық төленбейді. Сондай-ақ бұған дейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының фронт



офисіне келіп, жеке куәлік чипына тіркеу туралы дерек жазбасын енгізу үшін көші-кон қызметкеріне жүгінуге қажет еді. Бүгінде портал арқылы тұрғылықты жер бойынша тіркелу рәсімі жеңілдеді.

Жылжымайтын мүлік иесі және тіркелетін азамат egov.kz порталында авторизациядан өткеннен кейін, тіркелуші өтініш беріп, меншік иесі өзінің электрондық-цифрлық қолтанбасымен растауы тиіс. Өтініш берілгеннен кейін дерек шамамен 10 минутта өңделеді. Содан кейін тіркелген мекен-жай бойынша анықтама алуға тапсырыс беру мүмкіндігі беріледі. Бұл қызметке электронды цифрлық қолтанбасы (ЭЦҚ) бар кез келген азамат Қазақстанның барлық аймақтарында қол жеткізе алады.

Тағы айтарымыз, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы SmartPay провайімен бірге пилоттық тәртіпте fastpay.kz онлайн-сервисін іске қосқан. Бұл қызмет түрін қолма-қол ақшасыз есептесуді қалайтын азаматтар қолдана алады. Елімізде кең таралған



37 мемлекеттік қызмет ақысын банк картасы арқылы ғана емес, WebMoney, Qiwi және WalletOne электрондық әмияны арқылы да төлеу мүмкіндігі артты. fastpay.kz онлайн сервисінің көмегімен көлік, жер және мүлік салығын, әкімшілік айыппұл мен жол ережесіне қатысты айыппұлды төлеуге болады.

Қызмет алушылар кассаға кезекке тұрмай-ақ, интернет желісі қосылған смартфон немесе басқа да гаджетпен www.fastpay.kz сайтына кіріп, тиесілі мемлекеттік қызметке шұғыл түрде төлем жасай алады. Төлем жасалған соң азаматтың электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті мен электрондық поштасына электрондық чек бекітілген хабарлама келіп түседі.

Автокөлік иелері үшін жасалған жағымды іс — жүргізуші куәлігін электрондық үкімет порталы арқылы ауыстыру мүмкіндігі. Жүргізуші куәлігін онлайн тәртіпте ауыстыру үшін электрондық-цифрлық қолтанба талап етіледі. Қызмет алушы egov.kz порталында авторизациядан өткеннен кейін электрондық өтінішті толтырып, ЭЦҚ--мен қол қоюы тиіс. Өтінішпен қатар фотосурет пен қойған қолының скансуретін де жолдап, мемлекеттік баж салығын төлеу керек. Айта кетейік, жүргізуші куәлігінің баж салығы — 1,25 АЕК (*3007 теңге*) құрайды.

Сондай-ақ, биыл қосылған смс-хабарландыру қызметін де айтуға болады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің әзірлігі туралы хабарландыру, яғни сізге құжатыңыздың дайын екені туралы бірден

смс келеді. Бұдан өзге, мобильді қосымша үшін жұмыс жүргізілуде. Telegram-бот жұмыс істейді, онда сіз жақын жерде орналасқан ХҚКО-ны, оның жүктемесін көре аласыз, сондай-ақ онлайн режимде брондау жасап, алдын ала белгіленген уақыт бойынша өзіңізге ыңғайлы ХҚКО-ға келе аласыз.

Сонымен қатар, күні кеше Корпорация басшысы хабарлаған жаңа жобаны да айта кеткен жөн. Жеке мәліметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтар өзі туралы жеке ақпаратты толық бақылай алатын жоба жасалды. Басқаша айтқанда, тіпті ХҚКО қызметкері де жеке мәліметтерді көре алмайды. Оператор қандай бір жеке мәліметке қол жеткізу үшін азаматтардың смс-рұқсатын алуы тиіс.

Бұл жоба екі кезең бойынша жүзеге асырылады. Алғашқы кезеңде электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетінде мәліметтерге қолжетімділікке тыйым салу функциясы іске қосылады. Әрбір портал қолданушылары осы функция арқылы өзінің жеке мәліметіне қолжетімділікті қоса алады және жауып тастай алады. Бұл орайда, тыйым салу функциясын тек жеке кабинет арқылы ғана жасауға болады.

Екінші кезең — жеке мәліметтерге қолжетімділікті жабу функциясын өшіру үшін смс-сервисіт іске қосу. Егер қолжетімділік бұғатталған болса, азаматтың ЖСН-ның жүйеге енгізген кезде ХҚКО операторы қолжетімділікті ашу туралы смс-хабарлама алады. Көрсетілетін қызметті алушыдан смс-рұқсатын алған жағдайда ғана фронт-офис жұмыскері қандай да бір мемлекеттік қызметті көрсете алады.

Бұл жаңа сервистер — мемлекеттік қызметке қолжетімділікті арттырып, халыққа қызмет көрсету саласын цифрландыруға арналған қадам.

Jas qazaq: Расында, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда көп жұмыс жүргізіп отыр екен. Енді мақсат — азаматтардың осы мүмкіндікті пайдалана білуіне жағдай жасау, цифрлық сауаттандыру жұмысын жүргізу де назардан тыс қалмайтын шығар.

Ж.Әпетова: Әрине, енгізіліп жатқан жаңашылдықты Қазақстан азаматтары игеруі үшін де көптеген жұмыс жүргізілуде. Жаңағы айтқан цифрлық ХҚКО-ларды ашу да осы мақсаттан туындап отыр. Онда тақырыптық дәріс өткізетін сынып ашылып, белгіленген кестеге



сәйкес, цифрлық сауаттылық дағдысын арттыру бойынша сабақ өтеді. Одан тыс, корпорация мамандары мекеме мен ұйымға, университет пен институтқа, колледжге, мектепке барып жаппай цифрлық қызмет алу дағдысына оқытуда.

Міне, аталған игі шара тек мемлекетіміздің өсіп-өркендегенін, барынша дамыған ірі елдер қатарына кіруге күш жұмсап, еңбек етіп жатқандығын ғана көрсетіп қоймайды. Бұл ілгерілеушілік Елбасымыз айтқандай, «Басты байлығымыз — халықтың қамы мен жағдайын жақсарту түсу» екендігін дәлелдей түседі. Осы орайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы азаматтардың уақытын үнемдеуді көздеп, қызметті жылдам әрі тиімді жалғастыру үстінде. Халыққа цифрлық қызмет көрсетуде корпорацияның бүгінгі тыныс-тіршілігі мен бағыт-бағдарында көңілге қонымды іс көп. Өйткені жол — айқын, міндет — нақты.

**Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН**



Ынтымақ

Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық топ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» ғылыми білім беру орталығымен бірлесіп, кеңейтілген отырыс өткізді.

Алқалы жиында «Жана гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру барысы талқыланып, тың ойлар ортаға салынды. Сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты ғылыми-танымдық



экспедициясы екінші кезеңінің бағдарламасы бекітіліп, жоба-жоспары таныстырылды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сөз алған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ ректоры Қуат Баймырзаев «Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобасы ретінде «Жана гуманитарлық білім» жобасы ұсынылып, соның негізінде «Қазақ

Қапшағай қаласы және Жамбыл, Қарасай, Кеген, Ұйғыр, Панфилов, Кербұлақ аудандарын қамтымақшы. Өздеріңізге белгілі, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының қызмет аясы жылдан-жылға кеңейіп келе жатыр. Үстіміздегі жылдың сәуір айындағы КХА-ның XXVI сессиясында Елбасымыз «КХА туралы» заңға толықтырулар мен

НАҚТЫ МІНДЕТ АЙҚЫНДАЛДЫ

тіліндегі 100 жаңа оқулық» шығару жоспарланған болатын. Бүгінде бізге 3873 дана оқулық келіп түсті. Ол біздің оқу ордамыздағы студенттер үшін жеткілікті және бұл оқулықтардың барлығы жаңа оқу жылынан бастап білімгерлерге табысталады. Сол себепті алдағы уақытта оқу жоспары мен бағдарламаларына енгізуді жоспарлап отырмыз», — дей келе, алдағы оқу жылына арналған біршама міндеттерге тоқталды. Бұл тұрғыда оқу жылына дайындық барысында аталған кітаптар бойынша ұстаздар арасында түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

Одан кейінгі кезекте І.Жансүгіров атындағы ЖМУ гуманитарлық факультетінің деканы Амангелді Толамысов жаңа бағдарламаның мақсат-міндеттерін таныстырып, жоба артықшылықтарына тоқталды. Оның айтуынша, «Жана гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының жүзеге асырылуы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту жүйесін жетілдіру мен дамытуда он нәтиже береді.

Ол «Аударма жобасы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер саласындағы мемлекеттік тілдегі академиялық ғылымның дамуына ықпал етеді. Себебі қазіргі әлемдегі

өзгерістерді мақұлдап, қол қойған болатын. Осыған дейін этносаралық саясат пен қарым-қатынасты нығайту болса, енді жалпыұлттық бірлік пен келісімді сақтауға қосатын ассамблеяның үлесі мен міндеттері заңды айқындалып отыр. Бұл дегеніміз — ассамблея бұрынғыдай тек қана өзге этностардың салт-дәстүрін, мәдениеті мен тілін сақтаумен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар жалпыұлттық мәселелерді шешуге жұмылдырылып отыр деген сөз. Сондықтан да біз І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-мен бірге ұзақ жылдардан бері серіктестік қарым-қатынас орнатып, ғылыми негізде жұмыстар жүргізіп келе жатырмыз. Осы орайда енді ғылыми жұмыстардың жиынтық жоспарын жасау қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан алдымызда ғылыми-сараптамалық топтың әлеуетін арттыра отырып, республика көлемінде әлі қолға алынбаған жұмыстарды жүргізсек деген ниетіміз бар. Бізге қай бағытта ізденіс танытуға болатынын айқындап, сол бойынша нақты істер атқарылады», — деп алдағы жоспары туралы кеңінен тоқталды.

Айта кетсек, өлкедегі тарихы терең, киелі мекендерге саяхат жасап, өскелең ұрпаққа рухани құндылық



әлеуметтік процестерді түсіндіретін концепциялар, жаңа теориялар ғылыми айналымға тек қазақ тілінде енгізілетін болады. Сонымен қоса, жоба ғылыми қазақ тілін дамытуға ықпал етеді», — дейді.

Келесі сөз кезегін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай алып, «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» ғылыми-танымдық экспедициясының ІІ кезеңіндегі атқарылар жұмыстардың жоспарына тоқталды. Айтуынша, экспедицияның ұйымдастырудағы басты мақсат — «Рухани жаңғыру» мақаласының негізгі бағыттарын

сыйлайтын бұл экспедиция былтыр бастау алған болатын. І. Жансүгіров атындағы ЖМУ қызметкерлері мен облыстық КХА өкілдері автошерумен облыстағы тарихи орындарды аралауға шығып, 40 адамнан құралған топ Талдықорған маңындағы Кербұлақ, Панфилов, Ақсу, Сарқан және Алақол сынды 5 ауданға барып қайтқан. Тарихи өлкеге саяхатты биыл да жалғастырып, экспедицияның ІІ кезеңін өткеру үстіміздегі жылдың мамыр-маусым айларына жоспарланған.

Лина КӘЛІМХАН,
Талдықорған қаласы

Бастама

Киелі Жетісу өңірінде ел ішінде алғашқылардың бірі болып 13 этномәдени бірлестіктің басын қосқан ұлттық-мәдени орталықтардың қауымдастығы 1991 жылы құрылған болатын. Қауымдастықтың басты мақсаты – аймақтағы этностардың тілін, тарихын, дәстүрі мен мәдениетін жаңғырту тұрғысындағы мәселелердің шешімін бірлесіп табу. Осындай айқын мақсаттағы жұмыс қазір этностардың достық бесігіне айналған жер жаннаты – Жетісудың орталығы Талдықорғандағы Достық үйінде жүзеге асуда. Мұнда түрлі ғылыми-тәжірибелік конференция мен семинар, кездесу мен форумдар өткізіліп, өнер саласы да кенжелеген емес. Осындай мәдени шаралардың жарқын көрінісінің бірі – жуырда өткен «Өрнек» би ансамблінің есеп беру концерті.

Көңілді кеш Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» ұйымдастыруымен

аймақтық ассамблеялармен мәдени байланысты бекемдеу мақсатындағы «Жібек жолындағы сұхбат» халықаралық мәдени жобасы, Қоғамдық келісім кеңесінің қызметіне арналған



«Ауылым – алтын бесігім» облыстық форумы, халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы «Ортақ шаңырақ аясында» фестивальдері және 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған «Өнерім – өмірім», Тұңғыш Президент күніне арналған «Елім деп соккан жүрегі» сыны байқауларды өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналған.

Сонымен бірге осы уақытқа дейін де атқарылған іс ауқымды. Мысалы, 2014 жылы «Қорғас»

саласындағы тұжырымдамасын жаңғырту, жалпыұлттық өзіндік сананы қалыптастыра отырып, этносаралық қатынасты нығайту және жастарды қазақстандық бірегейлік пен бірлік

қағидаттарында тәрбиелеуді мақсат еткен.

«Өнерім – өмірім» облыстық байқауы өңірдің барлық аудандарын қамтыды. Сайысқа өткен жылы 38 үміткер қатысса, осы жолы 53 үміткер өтінім беріп, 34 қатысушы іріктеу кезеңінен өткен.

«Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Т.Қасымбекбаев, «Алтынай» мемлекеттік би ансамблінің көркемдік жетекшісі және бас балетмейстері Г.Смағұлова, Алматы облыстық Сүйінбай

ӨНЕР. ДОСТЫҚ. ТАТУЛЫҚ



І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында өтті. Концерт Астананың 20 жылдығы аясында «Астана – бейбітшілік пен достықтың бесігі» деп аталып, еңселі елорданың мерейтойына арналды. Алғашқы болып сөз алған Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының директоры Тәңірберген Қасымқынұлы ансамбльдің жеткен жетістігін көрерменге таныстырды.

Ол «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біз, қазақстандықтар, достықты барлық буынның басты игілігі ретінде сақтай білдік. Біздің бірегей жолымыз – тең құқықтылық, бір шаңырақ астында өмір сүретін барлық этностың бірлігі мен келісімі халықтың тілек қалауымен таңдалды» деген болатын. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі – еліміздің этносаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы қалыптасқан.

Астананың 20 жылдығына арналған «Астана – бейбітшілік пен достықтың бесігі» атты «Өрнек» би ансамблінің бүгінгі есеп беру концерті жоғарыда айтылғанның бір көрінісі болып отыр. Сонымен бірге бұл ансамбль жас та болса, облыстық КХА және Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының ұйымдастырған әрбір шарасына белсене атсалысып, өнерін көрсетуден жалыққан емес. Осындай жас таланттарымыздың қала, облыс көлеміндегі мәдени өміріне қосып жүрген зор үлесі үшін алғысымды жеткізім келеді. Жас буынға, тәрбиелеуден жалықпаған жетекшісіне шығармашылық табыстар тілеймін. Алар асұларыңыз көп болсын!», — деп жүрекжарды лебізін жеткізді.

Шынымен де, Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының мәдениет саласындағы жұмысының ауқым жыл сайын кеңейе түсуде. Мәселен, «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасы, «Достықта жоқ шекара» шекаралық ынтымақтастық фестивалі аймақтағы бірлік пен әлеуметтік үйлесімділікті нығайтуға, ұлттық мәдени мұраны сақтауға ықпал етіп келеді. Қазақстан халқының бірлігін,

шекара аймақтық ынтымақтастық орталығында жұртшылыққа Алматы облысының кәсіпкерлік пен өнеркәсіп, инновациялық жоба мен инвестиция тарту салалары бойынша жетістіктерінің ақпараттық көрмесі, Жетісу суретшілерінің шеберлік сыныптары және колөнер бұйымдарының жайма базары ұсынылып, екі ел арасында шағын және орта кәсіпкерлік саласында тәжірибе алмасу жүргізілген.

2015 жылы Ресей мемлекетінің Барнаул қаласындағы Алтай мемлекеттік университетінде этнограф, сахатшы, ағартушы Ш.Ұәлихановтың 180 жылдығына арналған іс-шара кешені ұйымдастырылып, шара барысында аталған университет білімгерлерінің қазақ халқының ұлттық мәдениетімен танысуына зор мүмкіндік туды. Осы орайда «Шағала» би ансамблі мен «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнері жиналғандарды тәнті етті. 2016 жылы Қырғызстанның Токмок қаласындағы мәдени шара барысында көрші елдер бір-бірінің шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды.

Ал 2009 жылы құрылған «Өрнек» би ансамблінің құрамында 5 этностың өкілі бар. Сонымен қатар ансамбльдің репертуары елімізде тұратын әр этностың ұлттық биімен толықтырылған. 2018 жылы ансамбльді 6 тәлімгер бітіріп шығады. Алена Карпованың жетекшілігімен мұндағы тәлімгерлердің жеткен жетістігі де ауыз толтырып айтарлықтай.

Атап айтсақ, биыл сәуір айында Талдықорған қаласында 10 жылдық тарихы бар «Өнерім – өмірім» облыстық вокалды-хореографиялық байқауының гала концерті өтті. Жоба Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» бастамасымен І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғимаратында ұйымдастырылған.

«Менің елім» жалпыұлттық жобасы бойынша мәдениет саясатының, оның ішінде музыка, хореография, орындаушылық

атындағы филармонияның әншісі С.Есенгелдинова мен Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншісі, Қазақстан «Серпер» жастар одағы сыйлығының лауреаты Т.Серіков және Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының бас маманы Ә.Ораловтар қазылық еткен байқау «Вокал» және «Хореография» номинациялары бойынша іріктелді.

«Вокал» номинациясы бойынша ІІІ орынды Қаратал ауданынан келген Айбота Серікхан, Кербұлақ ауданынан Маулен Әлжаппар иеленсе, ІІ орынды Іле ауданынан келген Нұрлан Әділшев қанжығасына байлады. І орын талдықорғандық Ілияс Николаевқа бұйырып, гран-приді Ескелді ауданының «Жігіттер» тобы еншіледі.

«Хореография» номинациясында ІІІ орынға Талғар қаласының «Ару» би тобы, ал ІІ орынға Панфилов ауданының «Еркеназ» би тобы лайық деп танылды. І орынды Жамбыл ауданынан «Ақбота» би ансамблі мен Талдықорған қаласының «Өрнек» ансамблі бөлісіп, гран-приді облыс орталығының «Солнышқо» үлгілі би ансамблі қанжығасына байлады. Байқау соңынан жеңімпаздар мен қатысушылар алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталған болатын.

Тек бұл ғана емес, «Өрнек» би ансамблі облыстық КХА және Достық үйі тарапынан ұйымдастырылатын барлық этнос өкілдерінің дәстүрлі мерекелерінде, түрлі мейрамдарда өз өнерін ортаға салып, мәдени саладағы жұмысқа белсенділік танытуды әдетке айналдырған.

Есепті концерт барысында әр этностың мәдениеті мен биін ұсынып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған жас таланттар көрермен қошеметіне бөленді. Сондай-ақ кеш соңында жыл бойы белсенділік танытып, облысымыздың мәдени дамуына үлес қосып жүрген тәлімгерлер мен жетекшілер Алғыс хатпен марапатталды.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ,
Алматы облысы

Ұлт тағдыры

Алматыға келіп, студент болғаннан бері театр біздің рухани орталығымызға айналып кеткендей. Сабақтан шаршағанда немесе қолымыз қат еткенде, Мұхтар Әуезов атындағы драма театры мен Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына асығамыз. Бір жолы қойылым басталудың алдында белгілі актриса Нұржамал Қазақбаева апамыз «Шіркін-ай, қазіргі жас актрисалардың бәрі әдемі. Бірақ Ғабит Мүсіреповтың көзі түскен айымторылар жоқ қой!» дегенін естіп қалдық. Алматыдағы екі театрдың өртістерін түгелдей болмаса да, біразын танып қалғанбыз. Ары ойланып, бері ойланып Айымторы деген есімді таба алмадық. Содан кейін ғаламторға жүгініп, газет тігінділерін ақтаруға тура келді. Таптық. Іздегеніміз Айымторы Тайғаринова есімі белгілі актриса болып шықты.



Қара сөздің Мүсіреповы: *Сахнада екі адамның диалогын, бір-бірімен алма-кезек сөйлескенін, характерлерін ажыратып, әр адамның өз мінезіне сай детальдарымен даралап, саралап, бейнелі образ тудырып, ашып, көз алдымызда тірі адамдарды жасадың. Бұл үлкен шеберлікті талап етеді. Сен біз күткен үдеден шықтың. Бұрын қазақтың Айымторы Тайғариновадай өнерлі, талантты актер қызы саусақпен санарлықтай аз еді. Қалқам, Айымторы!*

«Торы» деген менің отызыншы жылдардағы бүркеніш, лақап, жазба атым болған. Сондықтан атың да, өзің де маған сүйкімді, көңілге қонымды көріндің», — деп тамсаныпты.

Қарымды каламгер, дарынды драматургтің бағасынан кейін бізге Айымторыны табу бір жағы міндет сияқты, бір жағы қызық тақырып сияқты көрінді. Іздеуді одан ары жалғастырдық. Тағы да таптық. Бұл жолы газет қиындысынан емес, Алматыдағы қарттар үйінен...

БІЗ ІЗДЕГЕН АКТРИСА

Ғабеннің көңілі құлаған, біздің көкейіміздегі сұлу актриса қарсы алдымызда тұр. Бір кезде сахнаның гүлі болған айдай ару — қазір шүйкедей кемпір. Жүзін ұсақ әжім басқан, көзі мұңға толы кейуана. Өзін



өзі таныстырмаса, оны Мүсірепов тамсанып, таңдай қакқан Айымторы деу қиын! Жастықтың базары қайтқан, жүзінің ажары тайған театрдың тотықұсы көз алдымызда өзінен-өзі жасып, мүжіліп тұрғандай көрінді.

Аман-саулықтан соң апамыз бізді бөлмесіне қарай бастады. Кірдік. Бір адамға шақталған бөлме іші тап-таза, құстың ұясындай жып-жылы екен. Төсек, үстел-орындық — бәрі өз орнында тұр. Қабырғада басына әдемі қоныр бөрік киген, өткен ғасырдың Қыз Жібегіндей сұлу да, сырбаз арудың портреті ілініп тұр.

— Апаларыңды іздеп келгендеріңе рақмет! Сендер ойлаған Айымторы емес, кара кемпір алдарыңнан шыққанда, өкініп қалған жоксындар ма? — деп күлді.

— Жок, апа. Бәрі дұрыс. Ренжігені несі? — деп біз де сасып қалғанымызды білдіргіміз келмей, елпектеп жатырымыз. Апамыз бізді үстел басына жайғастырып, өзі де бір шетіне келіп отырды. Қарттар үйіндегі алаңдай емес, күтімі жақсы көрінді. Киімі тап-таза, сөзі мұрда оғандай қарт әйел бойын тік ұстап отырды. Біз көкейіміздегі сұрақтарды қарша бораттық. Қазақ сахнасының Айымторысы әңгімені арыдан бастады.



Қарттар үйіндегі 80 жылдық мерейтой

— Е, балапандарым, бұл апаларың не көрмеді мына жалған өмірде? «Басы таудай, аяғы қыдай» деген осы шығар?!

Мен Ақмола облысына қарасты бұрынғы Ақмола ауданының Шалқар деген ауылында 1938 жылы дүниеге келіппін. Үйдің тұңғышы болған соң әже тәрбиесін көрдім. Бізде балалық шақ болған жоқ. Оның орнына репрессия, сұраныл соғыс болды. Содан болар, өмір бізді ерте есейтті. Соғыс жылдары әжем екеуіміз

сабын қайнататынбыз. Оны поцтаға апарып, өкіметке жібереміз. Кішкентаймын. Сонда да әжеме көмектесіп, қайнаған сабынды түнімен бірге жасайтынбыз. 1952 жылы Шалқарда 7-сыныпты бітіріп, бұрынғы Ақмола қаласына, нағашыларымың қолына бардым. Онда кешкі мектепте оқи бастадым. Сөйтіп жүріп 10-сыныпты зорға бітірдім. Күндіз хат тасимын, түнде сабаққа барамын...

Нағашыларым маған асйлы болған жоқ. Хат тасып жүріп, бір қайырымды кемпір-шалдың үйін паналадым. Әлгі кісілер мені машинка басуға үйретті. Машинканы сауатты басқаным үшін сотқа терімші болып жұмысқа тұрдым. Аудандық сотта екі жылдан артық терімші-хатшы болып жұмыс істедім. Үшінші жылы қызметім көтеріліп, тіпті өте тапшы мамаңға айналды шыға келдім.

Ақмола аудандық соттан бір адамды Алматыға оқуға жіберетін болды. Заң курсына, білім жетілдіруге Алматыға мені жіберді. Алматыда заң курсын оқып жүргенде облыстық сотқа жұмысқа шақырды. Сөйтіп аяқ астынан сотқа қатысатын, сот отырысының хатшысы етіп тағайындалдым. Содан Алматы қатты ұнап қалды. Осында қалғым келді. Жұмыс берушілер жататын орнымды, жағдайымды жасап берді.

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН ЖЫЛДАР

Сексен жастағы кейуана әңгімесін үзіп, бізге шай құйды. Мен оның өнерге қалай келгенін білгім келіп асығып отырмын. Апам менің ойымды оқып алғандай, ендігі сөзін өнерге бұрды.

— Мен тіпті актриса боламын деп ешқашан ойлаған емеспін. Әртістердің бәрі әдемі, сұлу, бойы ұзын болады деп ойладым. Менің бойым қысқа, оның үстіне бетім табақтай. Менен өнер адамы шығады деген ой келмеппі ешқашан. Жалпы менің өнер жолына келуіме басымнан кешкен қиын сәттерім

себепкер болды! Алматыда сотта қызмет етіп, беделім артты. Көріктімін, қос бұрымым төгіліп тұр. Сөйтіп жүргенде сыртымнан құда түсіп, ауылға бір жігіт келіпті. Жасым небары 18-де еді. Анам

оған «Қызым Алматыда. Егер оны шын сүйсең, өзіне барып айт! Біз келісімімізді бердік!» депті. Бір күні қасында жеңесі бар, әскери форма киген офицер — әскери ұшқыш келіп тұр. Сыртымнан құдалық сөйлескен жігіт қой. Мен оны өліп-өшіп ұнатқан жоқпын. Бірақ ата-анам келісіп қойған соң, бас тарта алмадым. Өзі де алыстан мені іздеп келген соң көңілін қайтармадым. Келісімді бердім де, артынан еріп кете бердім.

Біз бас құраған соң, күйеуімнің жұмысына байланысты жердің бір шетіне — Жапонияның шекарасындағы сондау Қыыр Шығысқа аттанып кеттік. Ол жерде орыстардың арасында жалғыз қазақ отбасы болып тұрдық. Күндер өтіп жатты, отбасылық өмірге де үйрене бастадым.

Бір күні күйеуімнің туған күнін атап өтуге жолдастары келетін болды. Жүгіріп жүріп барымды салып дайындадым, дастарханды жайнатып қойдым. Отырыс қызып, көбі ащы суға сыққия тойып алған. Қасындағы орыстар «Әйелің керемет, сұлу екен. Қолынан бәрі келеді, қонақты жақсы күтеді» деп мақтап жатыр...

Қонақтар кеткен соң күйеуім өз-өзінен қызғана бастады, ішіп алған адамда ес бола ма? Мені таяқтың астына алды. Ақпан айы болатын. Дала аяз, жер көк мұз. Жолдасым мені аямай соқты. Есімнен танып қалыппын. Ол мұз үстінде шашымнан сүйреп жүріп, керзі етігімен әбден тепкіледі. Аяғым ауыр екен. Оны білмеппін. Дәрігер қатты соққыдан іштегі баланың

езіліп кеткенін, енді бала көтере алмайтынымды айтты.

Сенген адамныңын итпігіне күйініп, оның үстіне сабым мен денсаулығымнан айырылғанымға қатты қиналдым. Ауылға хат жаздым. Анам «Келме, сүйеңі сол үйден шықсын» деп бетімді қайтарды. Содан гарнизон бастығының әйелі маған көмектесіп, Қырғызстанда

тұратын әпкесіне хат жазып, мені ұшаққа отырғызып, Бішкекке жіберді. Бішкекте 1 жыл жатақханада тұрдым. Қырғызстанның орыс театрында шеберлік сабаққа қатысып, орыс режиссерден сабақ ала бастадым. Сахнада орыс әндерін айтып жүрдім. Ол кезде жанып тұрған шағым ғой, шіркін! Қырғыздың газет-журналдарына шыға бастадым. Бір күні менің өнерімді байқаған театр басшылығы Алматыға жіберді. Әуезов



МҮСІРЕПОВКЕ МУЗА БОЛҒАН АКТРИСА ҚАРТТАР ҮЙІН ПАНАЛАП ЖҮР



ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІК

АЙЫМТОРЫ НЕГЕ МҰҢАЯДЫ?

Қайран, Айымторы! Тотыдай түрленген, тік денелі, қол-аяғы балғадай, сып-сымбатты сол кездегі Тайғарина көз алдыма елестей кетті. М.Әуезов театры жанындағы актерлік студияның алғашқы, алпысыншы жылдардағы түлегі. Атақты Мәмбетов, Жантөрин, Бөкеевалардан тәлім алған, әйгілі Молдабеков, Ж.Омаров, Р.Әшірбековалармен бірге оқыған, еліктің лағынды елгезек мінезді, толықсыған ерке де ерек қыз Айымторы? Енді, міне, дәл алдымда солай еді деуге кісі сенбейтіндей... Мүлдем өзгерген жан.

Жә, ол кездегі Айымторыны сахнадан сан көргенмін. Жастау, бозбала кезімізде талай таңдай қағып «ғашық» болғанбыз. Қызылорда, Шымкент театрларының героинясы болған. «Той боларда», «Беу, қыздар-ай!», «Сандықтан шыққан сайтан» атты ойнақы қойылымдарда Айбала, Күнсұлу, Церегма сынды сылқым сұлулардың рөлдерінде тамаша көрінген сол баяғы Айымторы. Айымторы десе, Айымторы! Комедиялық, лирикалық кейіпкерлерді сан құлпыттар кермаралыңның өзі еді! Содан... содан ол сахнадан мүлдем ғайып болды. Көрген де, естіген де емеспін. Енді, міне, бір кездегі арман актриса Айымторы қарсы алдымда тұр. Мүлдем өзгерген. Өңі де, жүзі де, өзі де басқа.

— Жетпіске де келіп қалыппыз, — деп күрсінді ол, кезінде түсірілген көне сурет, ескі буклеттерін маған ұсынып жатып. Жүзінде зор күйзеліс табы. Суреттерде... жанып тұрған неткен әдемі актриса... Бірақ, амал не? Олар тым көне тартқан кешегі күндердің елесіндей ғана.

— Өзім де кінәлі шығармын. Ойнақтадым. От бастым. Атылған шампандардан, айтылған мадақтардан бас айналып, көз тұнды. Ол да ештеңе емес-ау, мені жолдан тайдырған, өнер айдынынан шеттеткен сол, сол сұрқия ағамыз, — деп, атақ-даңқы жер жарарлық аса белгілі, бұл күнде, бақилық болған аса танымал ағамыздың есімін жек көре атады. Сөйтті де, ауыр ойға батып, тағы да үн-түнсіз тұрып қалды. Қабағында кірбің, жанарында мұң, жаны жасып, жүрегі күйзеліске түскен, тұла бойын өкініш билеген бір кездегі жас та көрікті қайран актриса!.. Ол неге мұңаяды? Ол турасындағы әңгіме сосын... Ол жөнінде міндетті түрде толығырақ жазармын. Иә, актриса өкініші... ол неге күйзеледі? Айымторы неге мұңаяды? Иә!...



Әшірбек СЫҒАЙДЫҢ «Таңғажайып театр» кітабынан

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



театрында студия ашылып жатқан екен, соған жол көрсетті. Мен қуана келісіп, сүйікті Алматыма қайта оралдым.

— Сонда бірден театрға кіріп, актриса болып кеттіңіз бе? — дедім апамды асықтырып.

— Жоға, қайдағы актриса болу?! Әуезов театрына Әзірбайжан Мамбетов актерлік өнерге бейім талантты жастарды жинап жатыпты. Жастардың бәрінің өнерін көріп, ішімізден 5 адамды іріктеп алды. Есболған Жайсанбаев, Әнуар Молдабеков сияқты жас таланттармен бірге мені де қабылдады. Сөйтіп мемлекеттік академиялық драма театрының студиясына түсіп. Бірден актриса болып кеткен жоқпын.

Нұрмұхан Жантөрин, Әзірбайжан Мамбетов, Хадиша Бөкееваның шеберлік сыныбынан өтіп, өнерімзді шыңдадық. Хадиша апайымның үйінде тұрдым. Ол кісі маған кең көйлектерін қысқартып, тігіп беретін. Екі жыл оқып, әлгі театр студиясын бітірдім. Бірге оқыған достарыммен аразым ажырамай Қарағандыдағы театрға бардық. Ол жақта көп болмай, бәріміз жан-жаққа тарап кеттік. Мен Шымкент қаласындағы Жұмат Шанин атындағы драма театрға актриса болып қабылдандым.

Өнердегі ең табысты жылдарымның бәрі сонда өтті. Шымкенттің халқы «Біздің Айымторы» деп кетті. Әр қойылым біткенде көрермен залдан кетпей, мені күтіп тұратын болды. Сахнада тұрып көз жасын сүртіп, ерекше әсер алған адамдарды көргенде, іштей шаттанып, қанаттанып қалатынымын! Міне, апаларың өнерге осылай, аяқ астынан келді де, Шымкент театрының жарық жұлдызына айналып шыға келді. Менің сол бір жұлдызым жанған жылдарды анам көрді. Қатты риза болды. Шымкентке, үйіме келіп кетті.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ ПЕН ШАРАСЫЗДЫҚ

Айымторы Тайғаринова 13 жыл табан аудармай Шымкенттегі Жұмат Шанин атындағы драма театрда қызмет етіпті. Ол жылдары халық Айымторының ойнайтын рөлдері үшін театрға асығатын. Ол көптеген басты рөлдерді сомдады. Сахна санлақтарының талайының аузына ілініп, газет-журнал Айымторыны жарыса жазып жатты. Бізге өмірінің ең арайлы сәттерін әңгімелеп отырған кейуана бір сәтте жабырқап қалды. Әңгімесін бұзбай, құлақ молдасы болып отырмыз.

— Шымкенттен Алматыға келуіме өнердегі аға-бауырларым себепкер болды. «Сенің орның — Ғабит Мүсірепов театры» деген соң, осында қоныс аудардым. Бірақ бәрі басқаша болды. Қайсыбір жылы театр студиясында оқып жүргенімізде, беделді бір кісінің қызымен сөзге келіп қалғаным бар еді. Алматыда қалдырмаған да сол адам. 13 жылдан кейін қайтып келген соң да әлгі қызың әкесі қыр соңымнан қалмай қойды. Мен ашқан барлық есікті жауып тастады.



Содан не керек, Мүсірепов театрына жұмысқа тұра алмай, Құыршақ театрына шақырту алдым. Сонда жұмыс істедім. Бұл жағдай маған оңай соққан жоқ. Шымкенттен келген кездегі ең үлкен арманым — балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы болу еді. Амалым қанша?!

Биыл ақпанның 16-күні Айымторы Тайғаринова 80 жасқа толыпты. Қарттар үйінің басшылығы үлкен залды беріп, демеуші тауып, актрисаның мерейтойына орай үлкен кеш өткізіп берген. Оны өнердегі құрбылары — М.Әуезов театрындағы Ғаиза Әдінабиева, Ғ.Мүсірепов театрынан Гүлжамал Қазақбаева, Лилия Каденова, Шолпан Серкебаева сияқты сахнаның сұлулары келіп құттықтаған.

Оқырман қауымы Айымторы Тайғаринованың қалай жалғыз қалғанын, қарттар үйіне қалай тап болғанын әлі айтқан жоқпыз. Қиыр Шығысқа алып кеткен күйеуі сокқыға жыққан соң, ол бала сүю қабілетінен айырылыпты. Кейін, ескіні рет бас құрағанда да балалы болуды еш ойламаған көрінеді. Өйткені Шымкентте театрда жүрген жылдары оның әр күні сауық, әр сағаты ойын-тамаша болған. Кейуана «Бүкіл өмірім осылай қызыл-жасылды, ойын-сауықпен өтетіндей көрдім» деп өкініштің көз жасын сығып алды. Шалы барла бұлар бір алаяқтың арбауына түсіп, Алматыдағы пәтерінен де айырылып қалыпты. Кейін жолдасы қайтыс болып, жалғыз қалған кейуана қарттар үйін паналауға мәжбүр болған.

P.S.

Қоштасар кезде, бізді қақпа алдына дейін шығарып салған Айымторы апа «Айналайын құлындарым, мұнда адам жанына керектің бәрі бар. Ешнәрсеге мұқтаж емеспін. Жетпейтіні — көңіл ғана» — деп, көзіне жас алып, жылап қалды.

Раушан АМАНЖОЛОВА, Жарас КЕМЕЛЖАН

Соңғы жылдары қоғамда ағза алмастыру, оның ішінде қайтыс болған адамның ішкі органдарын алу жайы көп талқылануда. Сонымен қатар, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі де жиі сөз болады. Осыған орай, медицина ғылымының докторы, бұрынғы денсаулық сақтау министрі, «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың директоры Жақсылық Досқалиевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

— Жақсылық Ақмырзаұлы, өзіміз біраз жыл еліміздің денсаулық сақтау саласын басқардыңыз. Қазір де медицинаның маңынан алыс кеткен жоқсыз. Өзіңіз осы саланың бүгінгі дамуын қалай бағамдайсыз?

— Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бері денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп келеді. Бірнеше реформа қабылдады. Тиісті заңдар бар. Соның бір ғана дәлелі, қазір «Денсаулық» деген бағдарлама бар. Бірнеше жылға есептелген маңызды бағдарламаның арқалаған жүгі көп. Қарапайым тілмен түсіндірсем, Елбасының «2050 жылы Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына қосылуы тиіс» деген стратегиялық міндеті бар. Осы межеге жету үшін, мәселен, денсаулық саласын алайық. Дамыған елдерде медицина саласы үш қаржыландыру жүйесі арқылы жолға қойылған.

«Күрделі технологиялық қондырғылар мен біліктілігі жоғары мамандарды қажет ететін денсаулық сақтау қызметтері ауданаралық, өңірлік, облысаралық және республикалық деңгейлерде тиісті орталықтардың құрылуымен орталықтандырылады. Сонымен бірге, пациенттің тұрғылықты жеріне қарай жақын денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетілетін болады. Қазақстан халқы сапалы донорлық қан компоненттерімен және препараттарымен қамтамасыз етілетін болады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ – ДАМУЫҒАН МЕДИЦИНАНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Ең алдымен мемлекеттен бөлінетін қаржы. Оны кепілдендірілген медициналық көмек деп айтып жүрміз. Конституция бойынша әрбір азаматқа тиесілі қызмет көрсету. Екінші, жұмыс берушілердің өз қызметкерлеріне аударатын ақшасы арқылы жүзеге асырылады. Соңғы кезде жиі айтыла бастаған әлеуметтік медициналық сақтандыру деген де осы ғой. Қай сала болсын, әрбір кәсіпорын, мекеме басшылығы қарамағындағы қызметкерлердің денсаулығына жауапкершілікпен қарап, салық, зейнетақы жинағы сияқты, бұған да қаржы бөліп отырады. Оның көлемі жыл сайын көтеріліп, шамамен 4 пайызға дейін жетеді. Үшінші бір жолы, әр адам өзінің өмірі мен денсаулығы үшін, табысының белгілі бір бөлігін аударып отырады. Айта кету керек, бұл тек екі қолға бір күрек ұстайтын, тұрақты табысы бар азаматтар үшін қарастырылған. Ал балалар, зейнеткерлер, мүгедектер, жұмыссыздар мен күш құрылымдарының мамандарына көрсетілетін медициналық көмек үшін мемлекет тиісті қаржы бөліп отырады. Мысалға айтайық, елімізде 18 миллионнан аса халық болса, соның 4 млн шамасындағысы — тұрақты табысы бар, еңбек ететіндер. Бұл дамыған елдерде тәжірибеден өткен, нәтижесі бар жүйе.

— Дамыған елдердің тәжірибесіндегі денсаулық сақтау жүйесінің кейбір тұстары қоғамда пікірталас тудырмай ма? Мәселен, бір адам жұмыс істейді, салық төлейді, оның үстіне ай сайын табысынан ақша аударып, ақылы түрде медициналық көмек алады. Ал біреулер, керісінше, жұмыссыз жатады, оның денсаулығы үшін мемлекет қаржы бөледі?



— Жұмыссыздардың көбі бала күтімімен үйде отырғандар, отбасылық жағдайына байланысты жұмысқа шыға алмай жүргендер.

кездеседі. Құрал-жабдықтарымыз сай болмай жатады. Кейде мамандар жетіспейді. Ондай жағдайда біз науқастарымызды дамыған елдерге жіберіп, емдетудеміз. Мысалы, балалар арасында туа біткен жүрек дерті, церебральды сал ауруы бар. Оны емдеуге күшіміз келмейді. Шетелге жібереміз. Көптеген дамыған елдер кезінде медицинаға мол қаржы бөлудің арқасында бұл саланы көтеріп алды. Мысалы, АҚШ-та денсаулық сақтауға бөлінетін қаражат жалпы ішкі өнімнің 20 пайызына жетеді. Еуропа елдерінде 8 пайыздан асады. Қазақстанда 3,5 пайызға жуықтайды. Шетел жоғарыда айтып кеткен бағдарламаны іске асыру арқылы осы көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

— Елімізде цифрландыруға басымдық беріле бастады. Арнайы бағдарлама түзілді. Осы бағдарлама жүзеге асырылса, медицина саласына қандай әсері болуы мүмкін?

— Бұл бағдарлама медицина үшін өте қажет. Егер іске қосылса, дәрігерлер қағаз жазудан

құтылып, уақытын емдеу ісіне, ізденуге жұмсар еді. Цифрландыру бағдарламасы еліміздегі денсаулық сақтау қызметінің сапасын көтереді.



Оларда мардымды табыс жоқ. Егер солардың өміріне қызығып, өз денсаулығынан өз ақшасын қызғанатын адам болса, үкіметке масыл болып үйінде отырсын. Сондықтан мұндай көзқарасты, салыстыру дұрыс емес. Қоғам түсіну керек. Бұл бағдарламалардың нәтижесі бүгіннен өлшенбейді. Оның игілігі келешек үшін. Егер әр адам өз денсаулығы үшін табысынан белгілі бір мөлшерде қаржы бөліп, уақытылы медициналық тексеруден өтетін болса, ол ұлттың саулығы, халықтың болашағы емес пе?! Біз кейбір ауруларды емдей алмаймыз. Оның себептері бар. Өте қымбатқа түсетін ауру түрі

Қарапайым ауылдағы амбулаториядан бастап бас қаладағы ғылыми-зерттеу орталығына дейін керек. Мәселен, шалғай елді мекенде отырған маман науқастың дертіне байланысты бірден орталыққа ақпарат беріп, тиісті кеңесті, көмекті ала алады. Біраз уақыт бұрын бес жылға арналған телемедицина деген жүйені бастадық. Қазір оң нәтижесін көрсетуде. Аудандық ауруханада отырып, Астанадағы ғылыми-зерттеу орталығының мамандарына телемедицина арқылы хабарласып, ем-дом шарасына қатысты шұғыл көмек ала алады.


Егер ауыл-аймақ жоғары жылдамдықты

жүрген дәрігердің бірісіз. Тіпті ел-жұртты осыған шақырып, жақында үндеу жасадыңыз.

— Елімізде ағза ауыстыруға деген көзқарас соңғы жылдары өзгерді. Егер 2012 жылы бір мәйіттің жүрегін алып, науқасқа салсақ, 2017 жылы қайтыс болған 42 адамның органын алдық. Бір мәйіт 7 адамның денсаулығын дұрыстап, өмірін ұзартады. Жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі, екі көзі бар. Мысалы, біреулер жаракат алып, шоқ тиіп көзі ағарып кетеді. Соны сылып тастап, алмастыруға болады. Жакында бір кішкентай балаға сондай ем-шара жасадық. Бұл дамыған елдерде бар тәсіл.

Қазір әлем елдерінің медицинасының деңгейі осы трансплантологиямен өлшенеді. Егер ағза алмастыра алмаса, ол елдің медицинасы дамымаған деген ұғым, көзқарас бар. Қазақстанда трансплантология дамып келеді. Қазір елімізде жеті орталықта осындай күрделі операциялар жасалуда. Оның ішінде өңірлер де бар. Ақтөбеде, Шымкентте, Алматыда екі жерде, Елордадағы Ана мен бала орталығы, онкология және трансплантология, кардиохирургия орталығында ағза алмастырылады.

Осының бәрі 5-6 жылда жеткен жетістігіміз. Осы уақыт ішінде қыруар қаржы бөлініп, «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы арқылы мамандарды шетелге оқытып



үлгердік. Негізінен Жапония, Оңтүстік Корея, Австрия, Германия, Америкада біліктілігін арттырды.

Бүгінгі таңда елімізде 1409 адамға осындай операция жасалып, ағзасы ауыстырылды.

— 2012 жылы бір мәйіттің жүрегі алына, 2017 жылы қайтыс болған 42 адамның ағзасын алдық деп отырсыз. Сонда оған кім рұқсат береді, заңмен қалай реттеледі? Бұған дін өкілдерді не дейді?

— Адамның кеудесінен жаны шыққан соң оның ағзасы жер астында қалады. Оған дәлел, қазір қаншама адамның сүйегі шығып жатыр. Кейбірін қазып басқа жерге жерлеп жатады. Солардың ішінде соғып тұрған жүректі, жұмыс істеп тұрған бауырды көрдіңіз бе? Бәрі еріп, топыраққа сіңіп кетеді. Тек сүйек қалады.

Дін қызметкерлерінің айтуынша, Құранда «адам бір-біріне көмектесу қажет» деп жазылған екен. Егер марқұм көз жұмар алдында басқа адамдарға көмектесетін болса, оның жолы жұмақта дегенді айтады имамдар. Жалпы, бұл барлық дінде де бар. Ал енді заңмен реттелуіне келсек, егер тірі кезінде азамат қарсылығын білдірмесе, о дүниеден болған соң дәрігердің оның ағзасын алуға құқығы бар. Бұл да дамыған елдердің тәжірибесі. Бірақ біз мәйіттің жақын туыстарына ескертіп, рұқсат сұраймыз. Жақын деген де, көршісі, құласы емес, ата-анасы, балалары, күйеуі немесе әйелін айтып отырмын.

Жол апаты, миына қан құйылған, тағы басқа жағдайға байланысты қайтыс болған адамның денесіне міндетті түрде сараптама жасалады. Оның өлу себебін анықтау үшін тергеуші тиісті қаулы шығарып, ағзалары тексеріледі. Сол кезде біз туыстарына айтып, трансплантология жайлы сөйлесеміз.



Мәйіт ағзаларының 30 пайызы ғана трансплантологияға жарамды. Гепатит, инфекция, туберкулезбен ауырған адамдардың ағзасын алмайды.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК

Дәстүр

Хақ дінді қабыл өткен соңғы мың жыл ішінде Ислам өркениеті аясында өмір сүрген Алаш жұртының тіні нәрленіп, діні арайланып, таным көкжиегі кеңейіп, әдет-ғұрпы шариғи рең алып, оған тұрмыс-салты қоса түрленіп, діни жыр-дастандары мен сөз өнері байи түсті. Ер-түркінің қылыштай өткір, барыстай батыл жауынгерлік рухына шариғат құндылықтары ізгілік пен мейірімділіктің сәулесін себегілеп, халықтың кенеуі кенішке толып, кеудесі нұрға малынды.

Иә, тұма-қайнардан қуат алып, қанаттанған қағанат мирасқорларының салт-дәстүрі мен мәдениеті жылдан-жылға қаз-қаз басып алға жылжыды. Хақ дінді төл нанымы мен тұтымына айналдырған Алаш баласы халықтың рухани сұранысына қарай өзіндік уағыз-насихат айту дәстүрін, өз діни мектебін қалыптастырды. Ер-түріктің ұрпақтары Хақ дариясынан сусындап, шөлін басып қана қойған жоқ, мұсылман өркениетіне де қал-қадерінше өз үлестерін қосты.

Задында, Тәңір-Тағала бағзыдан Қазақ халқының бойына батырлықтың,



*Қожасы дүние,
ақырет — Алла
тағалам
Мұхаммед үмбетіне
шақыр рамазан!
— деп жырлайды.
Сондай-
ақ, жарапазан
жыршылары Алла
елшісіне (оған Алланың
салауаты мен сәлемі
болсын) салауат
келтіруде:
Ассалаумағалейкум,
мантассалам.
Алланың рахметі
жүз мың ғалам.
Ұр-рәсул
Мұхаммедке жүз мың
сәлем!*

— деп, иман шарттарын кезек-кезегімен жырлауды да ұмыт қалдырмайды.

Тіпті жарапазаншылар одан ары қарай дін насихатын үдетіп:

*Мінгені пайғамбардың жипрен дейді
Намазды бес уақыт үйрен дейді.
Намазды бес уақыт үйренбесең,
Ақыретте темір істік түйірер дейді,*

— деп, шариғат қабатарына бойлай еніп, діни рәсім-ғұрыптарды мүлтіксіз орындауға шақырады.

Келесі бір зерттеушілер жарапазан генизисін түркілік бастаулардан тамыр жайғанын алға тартады. Мысалы, белгілі фольклортанушы А.Тойшанұлы өз зерттеулерінде түркінің бір бұтағы телеуіттерде де жарапазанға ұқсас «урей» атты өлең-жыр айту салт-жорасы бар екенін ескертіп өтеді. Бірақ, «урейді» жырлаушылар сыйлық алу үшін үй иесін мадақтайды. Көздегеніне қол жеткізбесе теріс тілегін де

дабыл ұрып, қасиетті айдын келгенін сүйіншілейтін салт болған екен. Демек, аталмыш елдер һәм Алаш жұртында да жарапазан дәстүрі Ислам дінінің таралуымен пайда болғаны талассыз шындық деп айта аламыз.

Жоғарыда айтып өттік, Қазақ ежелден бойына шешендік дарыған, қара сөздің қаймағын қалқыған бекзат халық. Әрбір нәрсенің сырын ашар теңеу мен ұйқасты тапқырлықпен тауып айтып, өлең-жырмен қалауын келтіріп, қар жандыра алады. Тарихымызда бітіспес дау мен ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп, қара қылды қажарған небір би-шешендеріміз өмірден өткен. Алланың берген осындай таптырмас қасиет-қабілетін Алаш баласы дін насихатында орнықты қолдана білді. Бұл жөнінде әдебиет алыбы М.Әуезов «Қазақ ортасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүйіі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өленсіз, әнгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тындамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген.» деп ой қорытады. Біздің айтпағымыз, Қазақ поэзиясында жарапазан жанрының көрініс беруіне де Қазақ халқының дін насихатына өлең-жырды арқау етуі өзек болған еді.

Дала мәдениетіне ұласқан жарапазан жырын арнайы дін оқымыстылардан көрі көбіне-көп ақындар мен өнерпаздар һәм қарапайым жұртшылық айтқан. Мұны бір жағынан халық діндарлығының көрінісі деуге болады. Десе де, жарапазан жыр мәтіндеріне назар салар болсақ, қара өлеңге құрылған



тандайына шешендіктің ұясын салған. Бұл сөзімізге көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықта өмір сүрген жүрегі түкті батырларымыз бен ділмар би-шешендеріміздің һәм алдаспан ақын-жырауларымыздың ғұмыр-тарихтары, ауыздан ауызға жеткен қаһармандық эпостарымыз бен жыр-дастандарымыз, аңыз-әпсаналарымыз, шешендік жырлар мен әнгімелеріміз, яғни әлемдік фольклортануда өзіндік орны бар сөз өнеріміздің асқақтаған дәрпі дәлел бола алады.

Шешендік пен жыршылдық өнердің өркендегенінің бір мысалы ретінде Алаш баласының діни насихат жыры — жарапазан айтуды негізге алсақ болады.

Жарапазан туралы Алаш ардақтылары М.Ж.Көпейұлы, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбетовтан бастап, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев секілді әдебиет алыптары және К.Матжанов, А.Тойшан, Н.Уәли және т.б. фольклортанушылар өз еңбектерінде жазып қалдырды. Зерттеушілердің ой-тұжырымдарына қарап, «жарапазан» сөзі мен оның шығу тегіне қатысты көптеген ой-пікірлердің бар екеніне көз жеткізуге болады. Базбірі жарапазан айтуды исламнан бұрын қалыптасқан дәстүр деген пікірді алға тартса, келесі бірі жарапазанды Ислам дінін қабылдағаннан кейін халық поэзиясында пайда болған жанр деп біледі.

Жарапазан жыры исламнан бұрын ескі заманда пайда болған деушілердің бірі — Х.Досмұхамедұлы. Ол: *«Бұл жырлар жартылай діни сипатты: жарапанаңшылар өз өлеңдерінде шариғатқа иек арта отырып, қайыр-садақа, сый сұрайды. Әдебиеттің бұл түрі орыстардың «Колядованиесін» еске түсіреді»*, — деп жазады. Славян халықтарының көпшілігі өз діни мерекелерінде деревняларды аралап, мақтау жырларын айтып, үй иелерінен олжа алады. Біздегі жарапазан жырларында да кейде үй иесін мақтап, сыйлық сұрау мотиві ұшырасады. Осыны негізге алған Х.Досмұхамедұлы жарапазан мен колядованияны бір-біріне ұқсатқан. Алайда екеуінде форма тұрғысынан алғанда ұқсастық бар болғанымен, мазмұн тұрғысынан алғанда, жарапазан мен колядования бір-біріне мүлде ұқсамайды. Өйткені, біздің жарапазан жырларымызда Алланы дәріптеу, Пайғамбарға салауат айту, халықты дінге шақыру насихаты басым. Мысалы, жарапазаншылар жаратылыс иесі Жаббар Хақ хақында:

*Наныңыз жұмақ, тамұқ-тамам барын,
Тағы бар ғаршы, күрсі, лауша қалам,*

жаудырады. Яғни «урей» жырында алғыс пен қарғыс айту қатар жүреді. «Урей» мәтініне назар аударар болсақ:

*Айға тіккен үйінді, урей!
Алтын менен құрсасын, урей!
Оның ішінде әйкем, урей!
Жетпіс бес жас жасасын, урей!
Күнге тіккен үйінді, урей!
Күміс пенен құрсасын, урей!
Оның ішінде жездекем, урей!
Жетпіс жасты жасасын, урей!
Айға тіккен үйінді, урей!
Аюлар келіп тырнасын, урей!
Күнге тіккен үйінді, урей!
Жын-пері келіп тырнасын, урей!*

«Урей» жырының мазмұнындағы үй иесіне мадақ айтушылық жарапазан жырларында да ұшқындағанымен, қарғыс мотивтері мүлде ұшыраспайды. Жарапазанда тыңдаушы тарапты мадақ айту арқылы жақсылыққа үндейді. Бірақ, қарғыс айтылмайды. Мысалы: *Жарапазан айта келдім, сіз байларға,
Кім кетіп, кім жетпеген бұл айларға?!
Кіресіз сегіз бейіш сарайларға
Мұхаммед үмбетіне шақыр рамазан!
Бес парыз мұсылманға минат болған,
Ораза, намаз, зекет, қажы, ол — нұр иман!
Бұл айда рахмет нұрға дүние толған,
Мұхаммед үмбетіне шақыр рамазан!*

— деп үй иесінің көңілін көтеріп алып барып, иман мен шариғат бекіткен құлшылықтарды мінсіз атқаруға шақырады.

Жарапазан жырының шығу тегін исламмен байланыстыратын нанымды ой-тұжырымды ілкіде Алаш арыстары өз зерттеулеріне арқау етті. Себебі жарапазан айту жоралғысы ең алдымен мұсылман үмбеті ауыз бекітіп, ораза тұтатын қасиетті Рамазан айында орындалады. Ал Рамазанда ауыз бекіту үрдісінің халықтың діни тәжірибесінде Ислам дінінің таралуымен пайда болғанына ешкім дау айта алмайды. Бұл жөнінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Жарапазан — рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өленін айтады» деп ой қорытқан болатын.

Тілдік тұрғыда да жарапазан сөзі «Жа-Рамазан», яғни араб тіліндегі «Рамазан келді» деген сөзден шығады. Туыс түркімен және әзірбайжан халықтарында ораза айында «я-рамазан», Анадолы түріктерінде «рамазан манисі», қырғыздарда «жарамазан» атты жыр айту үрдістері бар. Аталған елдерге де жарапазан айту салтының исламның таралуымен енгені бесенеден белгілі. Тіпті, Мысыр мен Түркияның кейбір өңірлерінде жарапазан айту болмағанмен, Рамазан айы туғанда дауылпазышлар көшеге шығып,

жарапазан жырларының діни тұрғыда өте сауатты жазылғанына куә боламыз. Мысалы:

*Біреуі бес намаздың таң намазы,
Оқыған тал түстегі қай намазы.
Ораза намазыңды күтіп барсаң,
Терісі шұбар киікпен-жсайнамазы.
Біреуі бес намаздың бесін біл тек,
Аллаға оқыдым деп қылма міндет,
Аллаға оқыдым деп қылсаң міндет,
Алдыңда дайын тұрар екі жсендет.
Біреуі бес намаздың екінтіні,
Үстінен жалғыз қылдың секірмеді.
Қылмысың ол дүниеге жақпай барсаң,
Барғанда ахиретте өкірмеді.
Біреуі бес намаздың ақиам намаз,
Қойыңдай алдыңдағы бақсаң намаз.
Намазды әр уақыт қылсаң қаза,
Тартасың ахиретте өзің жаза.
Біреуі бес намаздың Жашихты,
Білген адам тартады тәсіпшіқты.
Ораза намазыңды күтіп барсаң,
Алдыңда періштелер бас иіпті.*

— деген жарапазан шумақтарында бес уақыт құлшылықтың әрбірінің икеметі тамаша жырмен өріледі. Халық поэзиясындағы осы тақылеттес жарапазан жырларына қарап, ұлтымыздың діни сауаты мен діндарлық деңгейінің биік болғанын аңғарамыз.

ТҮЙІН

Өткен ғасырда кеңес үкіметі дін насихатына тыйым салған соң, халық тәжірибесінде жарапазан айтушылық та біршама сұйыла түсті. Қаймағы бұзылмаған қазақы орталарда ғана жарапазан айту толастаған жоқ. Тәуелсіздіктің таңы атқан тоқсаныншы жылдары көптеген рухани дүниелеріміз қайта жаңғыра бастады. Осы кезде ауыл-ауылдағы өнерпаздарымыз жарапазан айтып, елдің рухын әуезді жырларымен оятып, ескі жыр-маржанымызды қайта түлетті. Дегенмен, бұл үрдіс әлі де кең тұрғыда бұқаралық сипат алу үшін жарапазан айтудың заманауи үлгісін қалыптастыруымыз керек сияқты. Ол үшін жарапазан жырларына байқау жариялап, мектептердегі салт-дәстүр үйірмелері, мәдениет үйлері, әдеби клубтар және т.б. да өнер құрылымдары жарапазанның озық нұсқаларын халық дағдысына енгізуге күш салу қажет. Өйткені, жарапазанды жаңғырту — рухани жаңғыруымызға сеп болатыны хақ!

Серікбай қажы ОРАЗ,
*Қазақстан Мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти*

www.jasqazaq.kz

E-mail:

jas_qazaq@mail.ru



9

Ел ішінде ескі өлең

АЙТАМЫН ЖАРАМАЗАН АЙ БАТҚАНША...

*Ассалаумағалейкум, сәлем бердік,
Мырзалар, дидарыңды жаңа көрдік.
Сақы мен даңқыңызды естіген соң,
Айтуға жарамазан арнап келдік.*

*Ар жақта пейіш тұрар түздай болып,
Бер жақта тозақ тұрар мұздай болып.
Оразаң былтыр кеткен, биыл келді,
Ұзатқан сәукелелі қыздай болып.*

*Ей, байлар жатырмысың ұйқылы-ояу,
Тұсыңа қыдыр келді атты-жаяу.
Тұсыңа қыдыр келсе, атты-жаяу,
Күтіп ал, қыдырыңды деймін ай-ау!*

*Айтамын жарамазан ауылыңа,
Ауадан заулап соққан дауылыңа.
Жігіттер, намаз оқы, ораза тұт,
Пейіштің қолың жетер қауынына.*

*Айтамын жарамазан ойлай-ойлай,
Қарынбай кеткен екен малға тоймай.
Отыз күн оразада бір мал соймай,
Барады әлі кетіп бойлай-бойлай.*

*Барыт ем үйге анам тайлақ берді,
Тайлағын ала жітке байлап берді.
Шіркіннің баласының сабазын-ай,
Асырғым алты қырдан айдап берді.*

*Айтамын жарамазан ай батқанша,
Шайыңа қарамаймын қайнатқанша.
Сый берсең, бер жаңашалап теңгемен бер,
Сорымды талқан беріп қайнатқанша.*

*Айтамын жарамазан айыңменен,
Алып шық сипатты сайыменен.
Сен берсең сыйанатты сайыменен,
Береміз бізде бата жайыменен.*

*Меккеде бір ағаш бар басы күйген,
Жайқалып, жатырағы жерге тиген.
Осы үйде бір адам бар құдай сүйген,
Сауабы ол адамның жұртқа тиген.*

*Меккеде бір ағаш бар басы қара,
Жеңешем ұл туады қасы қара.
Жеңешем ұл туғанда қасы қара,
Барады сүйіншіге қайсы бала?*

*Айтамын жарамазан есігіңе,
Қошқардай бір ұл берсін бесігіңе.
Қошқардай бір ұл берсе бесігіңе,
Кім келіп, кім кетпейді есігіңе.*

*Ақ тауық, қызыл тауық қырман шашар,
Осы үйде бір ана бар тіллә шашар.
Тілләнді төкпей-шашпай қолыма бер,
Жанымда қу балдар бар ала қашар.*

*Барыт ем ана үйге лақ берді,
Баласы «бәсірем» деп жылап берді.
Баласы бәсірем деп жылаған соң,
Анасы сандығынан пұл ап берді.*

БАТА

*Бата, бата, батасы,
Тайганақтың жотасы.
Көгеніңді керіп тұр,
Құдай саған беріп тұр.*

*Ақ орданың артына,
Алтын діңгек орнасын.
Үйіңе келген қонақтар,
Атын соған байласын.*

*Алалы ат, бұлалы ат,
Бұл жеңешемді балалат.
Қыз тумасын, ұл тұсын,
Бәрімізге қолқанат.*



Жазып алған
**Амантай
ҚҰТЫМБЕТҰЛЫ,**
*ардагер ұстаз,
Шарбулақ ауылы,
Оңтүстік
Қазақстан облысы*

Шаруа

Әлемнің озық отыз елінің қатарынан қосыламыз деп, өрелі өркениетке ұмтылған қазіргі тұста экономиканың бар саласы кештен қалмай, көруенін түзеуі тиіс. Әсіресе, елдің ырзығы мен несібесін еселейтін ауыл шаруашылығы саласы жаһандану жайлаған қоғамда жаңарып, жаңғыруы қажет. Бүгінде өндірісті өлкеміздің айдарынан жел естіруге өндіріс ошақтары ғана емес, агроөнеркәсіп кешені де қабілеті. Өйткені мемлекеттің қолдауы мен қамқорлығы агроөнеркәсіптің көкжиегін кеңейтіп, шаруашылықты ширата түсті.

Ауылда атакәсіптен қол үзбей, еңбек көркін қыздырып, төрт түлік малдың қамын күйттеп, күтімі мен бабын тауып отырған ірілі-ұсақты шаруа қожалықтарының барын көріп, естіп жүрміз. Десек те, кей кезде ата-бабаларымыздың мал бағу тәжірибесінен тағылым алып, жолын жалғаған немесе көне кәсіптің көсегесін көгерткісі келетін ауылдағы ағайынға мемлекет тарапынан берілетін көмек пен қолдау туралы ақпараттар уақытында жетпей жатады. Осы мәселені басты бағдарға алып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Серік Қалдығұлмен сұхбаттасқан едік.

— Серік Сырымұлы, биыл асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту және жайылымды суландыру жайы қалай болмақ? Мемлекеттен берілетін көмектің көлемі қандай?




беру тәртібі 2 бағытқа бөлінген. Қазіргі таңда 1 бағыт бойынша құжаттар қабылданып, қарау актісі жасакталуда. Өтініштер комиссия отырысында қанағаттандырылған жағдайда, мамыр айынан бастап субсидия беру жұмыстары басталады.

— Несібесін жерден терген шаруаның қарекетіне қан жүгіртер қандай қауқар бар?

— Облысымызда биыл егін шаруашылығы саласында минералдық тыңайтқыштардың құнын арзандатуға 50 пайызға дейінгі көлемі және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру қызметінің құны субсидияланады. Осы жылы минералдық тыңайтқыштардың құнын 50 пайызға дейін арзандатуға 30 млн теңге қаражат бөлінді. Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы «Субсидияланатын тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы» облыс әкімдігінің қаулысын жасақтап, әділет департаментіне тіркеуге жолдады.

Сонымен қатар аталған субсидия түрлерін электронды жүйеге көшіру мақсатында ауыл шаруашылығы министрлігінде биылғы жылдың 1 ақпанында өткен кеңестің хаттамасына сәйкес, облыс әкімдіктеріне 2018 жылдың 1 шілдесіне дейін minagro.kz веб-порталында мемлекеттік жер кадастрының деректеріне сәйкес ауыл шаруашылығы

тауарын өндірушілердің ауыл шаруашылығы мақсатына арналған (егістік) жерлерінің барлық алқабы



ішінде ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында басқармаға 2017 жылы республикалық бюджеттен 474 млн теңге қаржы бөлініп, облыс әкімдігінің қаулысымен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ 284,4 млн теңге және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 189,6 млн теңге бөлініп берілді. Осы екі қаржы ұйымының мәліметіне сәйкес, бөлінген қаржы толық игеріліп, ауылда тұратын 130 азаматқа шағын несие беріліп, 219 адам жұмыспен қамтылды.

Аталған бағдарлама шеңберінде осы жылға республикалық бюджеттен 490 251,0 млн теңге бөлініп, қазіргі уақытта облыс



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ ҚАН ТАМЫРЫ

— Осы жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен 50 млн теңге бөлінді. Оның ішінде 33,4 млн теңге асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда тікелей шығындарды субсидиялауға, 16,6 млн теңге мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауға бөлінді. Осы жылы облысымызға 146 асыл тұқымды жылқы әкелінді. Несие және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасы бойынша 2018 жылы 5 қаржы институты («ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «Атырау Болашақ» ЖШС, «Маңғыстауагросервис» ЖШС) қатысуда. 2018 жылға 32,4 млн теңге субсидиялық қаржы бөлінді. Қазіргі таңда бұл қаржының 3,6 млн теңгесі игерілді.

Елімізде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017—2021 жылдарға арналған бағдарламасында жайылымды суландыру мен шалғай жайылымдағы мал шаруашылығын дамытуға баса назар аударылған. Бұл орайда ауыл шаруашылығы министрлігінде бекітілген «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидасы» негізінде су көзіне сұраныс беруші мал шаруашылығы субъектісінің осы мақсатқа жұмсаған шығындарының 80%-ы субсидия түрінде өтеледі. Биыл осы бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен алдыңғы жылдарға қарағанда 3 есе, яғни 635 960 млн теңге бөлінді.



Мәселен, өткен жылы аймақта 59 құдық қазылса, биыл 60 құдықтан су көзін шығару жоспарланып отыр. Талапқа сәйкес, субсидия

бойынша алқаптардың электрондық картасын қалыптастыруға қатысты жұмысты аяқтауға тапсырма берілген. Бүгінгі таңда облыс бойынша 569 гектар суармалы жердің электрондық картасы жасакталды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру қызметінің құнын субсидиялауға 2018 жылға 15 млн теңге қаражат қарастырылған.

— Біздің түбекте атакәсіпті түлетуге қазынадан бөлінетін қаржының үлесі қандай?

— Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру бағдарламасы бойынша «Бейнеу астық терминалы» ЖШС кредиттік міндеттемелеріне қаржы агенті болып табылатын «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ төлеу үшін 2017 жылы республикалық бюджеттен 274 632 млн теңге субсидия қаржы бөлінді. Оның 273 959 474,67 теңгесі игерілді. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың

2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті, оның

әкімдігінің қаулысымен сәуір айында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына» 294 150 600 млн теңге және «Аграрлық несие корпорациясына» 196 100 400 млн теңге берілді. Аталған екі қаржы институты аталмыш бағдарлама негізінде шағын несие беруді бастады. Сондай-ақ республикалық бюджетті нақтылау кезінде осы бағдарлама бойынша тағы да қосымша 753 838 млн теңге бөлініп, құжаттарды жасақтау жұмыстары жүргізілуде.

— Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына қандай қолдау бар?

— Өткен жылы ауыл шаруашылығы министрлігімен ауыл шаруашылығы өнімінің 9 түрін (сүт, ет, тері, жүн, майлы дақылдар, астық, жеміс-көкөніс, қант қызылшасы, картон) қайта өңдеудің картасы жасалды. Маңғыстау облысы бойынша картаға 5 сүт өңдеу зауыты («Ақтау сүт», «Бейнеу сүт зауыты», «Берекет-Ф»,

беріледі. Сонымен қатар Ақшұқыр ауылында жеке кәсіпкер «Бүркітбас» жұмыс жасап тұрған жылыжай кешенін кеңейтуді көзделсе, Мұнайлы ауданында сыйымдылығы 15 000 тонналық түйіршікті жем өндіретін зауыт салу жоспарланып отыр. Сөйтіп облыста 109 жана жұмыс орны ашылады. Биылға жоспарланған жобалардың инвестициялық құны 3, 8 млрд теңгені құрайды.

— Қазіргі ауыл шаруашылығындағы ахуалды бір-екі ауыз сөзбен түйіндеп берсеңіз?

— Қыстан аман-есен шыққан төрт түлік мал төлдеп жатыр. Қыс мезгілінде жем-шөп қоры жеткілікті болды. Бұл — өткен жылдың күзіндегі жұмыстың нәтижесі. Мал төлдету науқаны аяқталып қалды. Шамамен 80 пайыздай мал төлдеді. Алдағы шілде айында санак жүргізіледі. Өткен жылмен салыстырғанда 20 пайыз шамасында өсім болады деп жоспарлап отырмыз. Облыс әкімі Ералы Лұқпанұлының өзі ауылдарға барғанда да, біздің басқарма да шаруаларға берілетін көмекті түсіндіріп, құлағдар етіп жүрміз. Біздің басқарма арнайы кесте бойынша ауыл-ауылды аралап, ақпаратты халыққа кеңінен жеткізуге жұмыстанып жатыр. Су көзін ашуға, құдық қазуға сұраныс та, субсидия да арта түсті.

Қазір жазда қырға көшіп, ойды қыс мезгіліне сақтау мәселесі өзекті болып тұр. Облыстағы кейбір ірі шаруашылықтар өз күштерімен Үстіртке көшіп жатыр. Бұл жағдай қаржыны, техниканы талап етеді. Аудан әкімдерімен осы жағдайды реттеуге жұмыстану үстіндеміз. Сонымен қатар малдың терісін, жүнін өткізуді де күн тәртібінен түсірмей келеміз. Жүнді қыркуға кететін шығын мен бағасы ақталмайды.

«Жаңаөзен сүт зауыты», Milina Food Production Company Ltd ЖШС), ет өңдеу бойынша 2 шаруашылық («Қарағантаубек» және «Сенек» ЖШС) және жүн өңдеу бойынша 1 кәсіпорын («Сенек» ЖШС) енгізілді.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында облысымызда ауыл шаруашылығы саласында 2017–2019 жылдарға 14 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде 4 жоба өткен жылы іске қосылды. Атап айтсақ, Маңғыстау ауданының Сай-Өтес ауылында «Накхан» шаруа қожалығы жылына 36 тонна қымыз өндіру цехын іске қосты. Қымыз қуы құрал-жабдығы ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты «Маңғыстауагросервис» ЖШС арқылы лизингке берілді. Инвестиция құны 58 млн теңгені құрап, 6 жұмыс орны құрылды. Бұл цех өткен жылы 40 тонна қымыз өндірген. Екінші жоба да — қымыз өндіру цехы. Қаракия ауданындағы «Сенек» ЖШС қуаттылығы жылына 10 тонна болатын



Облысымызда тек түйе жүніне ғана сұраныс бар. Бүгінде Атыраудағы зауытқа тері мен жүн өткізуге келіссөз жүргізудеміз. Біз жергілікті бюджеттен қолдау көрсету үшін тетігін, жолын ойластырамыз.

Айта кететін жайт, «Нұр капитал» жобасына облыстан енген 200 жобаның 20 пайызы ауыл шаруашылығы саласына бағытталған. Біз республикада 500 мың бас төрт түлік малдан өнген өнімінің көрсеткіші бойынша алдыңғы көштен көріндік. Осы бағыттан таймай, ата кәсіптің көшін өрге сүйреуге жұмыла жұмыс істейміз.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

Үндеуді қолдау

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Challenge: Сенің жаңа қырың!» атты республикалық спорт шарасына қолдау көрсетіп, осы акцияның қатысушыларына бейне үндеу жолдады.

Бұл бастаманың мақсаты – еліміздің тұрғындары арасында дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттау. Акция аясында отандық танымал спортшылардың, мәдениет және масс-медиа өкілдерінің қатысуымен ашық жаттығу өткізу жоспарланып отыр. Осылайша, олар қазақстандықтарды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға ынталандыратын болады.

Н.Назарбаев «Спортпен шұғылдану, жаттығу жасау – саламатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі кепілі болып саналады. Денсаулығы мықты адам ғана бақытты өмір сүріп, биік мақсатқа қол жеткізе алады. Бүкіл адамзатқа белгілі қағида – байлық та емес, мансап та емес. Бақыттың 90 пайызы денсаулықта жатыр. Әрбір азамат «шынықсаң, шымыр боласың» деген қағиданы берік ұстанғаны абзал. Мемлекет дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, спорт саласын дамытуға жағдай жасап келе жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Барлық облыстарда стадион жөнге келтірілді. Барлық облыста теннис кортын салып жатырмыз. Қазір қалаларды аралап көрсеніздер, әрбір ауданда, әрбір аулада, яғни барлық жерде кішкентай спорт алаңы жасалып, сол жерде біздің жастарымыз дене шынықтыруда», – деп атап өтті.

Осы орайда Елбасы жаңа жаттығу залдары, фитнес орталықтары, спорт алаңдары салынып жатқанын, соның барлығы халықтың игілігіне қызмет етуге арналғанын айтты.

Мемлекет басшысы жылдан-жылға спортпен тұрақты түрде шұғылданатындар қатары көбейгенін, мұның барлығы халықтың бәсекеге қабілеттігін арттыратынын, Қазақстанды қуатты елге айналдыруға жол ашатынын айтты. Қаншама спортшыларымыз дүниежүзілік додаларда жарысқа түсіп,

жеңіске жетіп, алтын, күміс жүлдені елге алып келуде. Осының барлығы көп жастарымыздың спортпен шұғылданғанының арқасы. Бұл жұртшылықты саламатты өмір салтын ұстануға шақыратын ең сәтті бастама болып саналады. Сондықтан көпшілік тарапынан қолдау тауып, жігерлі жастарды тәрбиелеуге септігін тигізеді. Дені сау, өзі креативті әрі белсенді адам ғана елімізді дамытады, алға жетелейді. Елбасы сөз соңында «Бұл игі шараға бастамашы

тұрғындары бар. Олар «Challenge: Сенің жаңа қырың!» шарасын қолдап, ертенгілік жаттығу жасады. Облыстық әкімдік қызметкері Наталья Шотаеваның айтуынша, алдағы уақытта мұндай жаттығуды мемлекеттік мекеме күн сайын өткізуді жоспарлап отыр.

қолдау мақсатында мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен 70-ке тарта алматылық бірігіп, Іле Алатауының ең әдемі туристік бағыттарының бірін жаяу жүріп өтті.

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



11

«ДЕНІ САУ АДАМ БИІКТІ БАҒЫНДЫРАДЫ»



Спорт және дене шынықтыру саласындағы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзіне тән ерекшелігі дәстүрлі түрде бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамытудың теңгерімді тәсілдерін іске асыру болып табылады.

Бұқаралық спорт саласында ел халқының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыт болып отыр.

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

болып, қолдау көрсеткен азаматтарға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, толағай табыс тілеймін!», – деді.

ҮНДЕУГЕ ҮН ҚОСУ

Елбасының спортпен айналысу туралы бейне үндеуін еліміздің барлық өңірі қолдап жатыр. Алғашқы болып атсалысқандардың қатарында Павлодар қаласының

Ол «Басты мақсатымыз – халыққа дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттау» делі.

Женіс алаңында өткен танертенгілік спорт шарасына 20-ға тарта адам қатысқан. Дене шынықтыруға келгендер осы шара арқылы отандастарды спорттық шараны қолдауға шақырды.

Сондай-ақ мемлекет басшысының спорттық акциясын



Елбасының спорт туралы бейне үндеуін қолдаған топтың арасында журналистер, қоғам қайраткерлері, танымал спортшылар мен әртістер, бизнесмендер мен мемлекеттік қызметкерлер болды.

Тау жолын бағындыруға шыққан сапар топ «Медеуден» Алматы облысына қарасты «Алматау» лагеріне дейін 8 шақырымды жаяу жүрген. Аталған шара әуесқойлық, бұқаралық және балалар велоспортының, жаяу жүру жолдарының дамуы, сондай-ақ экотуризмді дамыту ұйымдарының қызметкерлерімен өткен.

Жаяу жүргіншілер Кіші Алматы шатқалынан Бутаковқаға дейін Кимасар шатқалы арқылы таудың төбесіндегі тік жартастарға шығып, тамаша қайың тоғайына тоқтады. Содан кейін, жол «Орманды ауылмен» жалғасты және «Алматау» лагерінің жанында аяқталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, таулы демалыс орындары танымал болғанына қарамастан, адамдар жаяу жүре бермейді. Әдетте, бір орынды тандайды. Шалғынды жерге қонып, уақыт өткізеді. Іле Алатауының асқар тауларының туристік бағыттары болғанымен, оларды тек осы саланың мамандары

ғана жақсы біледі. Сондықтан да жаяу жүргінші туризмін дамыту өте маңызды.

Шараға қатысушылар жол бойы тау жолының қиындығын көріп, экотуризмді дамыту үшін не істеу керектігін белсене талқылады. Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы «Экотуризм әлемде жақсы дамыған спорт түріне жатады. Бұл спорт түрі экономикаға мультипликативті әсер береді. Бұл бір жағынан, экология тазалығын сақтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан экономикаға қаржы тартады. Мен өзім спортпен айналысамын. Бүгінгі серуен өте қызықты болды. Облыстық деңгейдегі бірнеше шенеунік, белгілі спортшылар, әртістер келді», – деп.

Тау жолын бағындыруға шыққан топ алуан тақырыпта әңгіме қозғады. Мысалы, туристік бағыттарды ұйымдастырудың көптеген мүмкіндігі бар екенін, жолға шыққан адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кәсіби компаниялар мен нұсқаулықтардың қажеттігін, белсенді өмір салты бойынша мүмкіндігінше көп адамды тартудың қажеттігін айтты.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Орайы келген әңгіме

Елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген. Құжатта бұқаралық спортты дамыту, спорттық нысандар салудан бөлек, ұлттық спортты дамыту мәселесі де көтерілген.

Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында аударыспақ пен теңге ілуден Азия чемпионаты басталды. Осы жарыс қарсаңында республикалық «Ұлттық және ат спорты орталығының» директоры Нұрсұлтан Ибрагимовпен арнайы сұхбат құрған едік.

— Астанадағы «Қазанат» атшабарында болатын аударыспақ пен теңге ілуден Азия чемпионатын тиісті деңгейде атқаруға орталықтың үлесі қандай?

— Республикалық «Ұлттық және ат спорты орталығы» 2016 жылы желтоқсан айында үкімет қаулысымен құрылды. Ұлттық мұрасы бай қазақ жұртына осындай орталық аса қажет еді. Аллаға шүкір, ұлттық спорттың барын түгендеп, жоғын жоқтайтын арнайы ұжымның болғаны бізді осы бағытта талмай ізденуге, ерінбей еңбек етуге үндейді. Бұрын ұлттық спорттың қарашанырағы болса деген талай ағамыздың арманы орындалды. Енді, міне, біз сондай шаңырақта еңбек етіп жүрміз. Халқымыздың ұлттық ойындарын дамытуға шама жеткенше үлес қоссақ, осы саланың жыртығына жамау бола алсақ, соның өзі ер мойнындағы бір міндет, абыройлы тірлік екені дау туғызбайтын шындық.

Ал сұрағыңызға келсек, теңге ілу мен аударыспақтан Азия чемпионатының дайындық жұмыстарына, насихат ісіне барынша атсалысып жатырмыз. Жакын күндері мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы осы екі жарысқа байланысты біраз тапсырма берді. Министр бәрімізден 9 елдің спортшылары қатысатын құрлық чемпионатының жоғары деңгейде өткенін қалап отыр.

— Бәрекелді, енді осы екі чемпионатқа ЮНЕСКО өкілдерінің не себепті келетінін айтшы өтсеніз.

— Иә, биылғы Азия чемпионатының бұрынғылардан басты ерекшелігі де осы ЮНЕСКО-мен байланысты болып отыр. ЮНЕСКО-ның дәстүрлі спорт пен ойындар комитетінің төрағасы Халил Ахмед Хан, осы комитеттің үйлестірушісі Марселлин Дэлли және комитет хатшысы Шамми Рана Азия чемпионаттарының салтанатты ашылу

рәсіміне қатысады, әрі екі жарысты бастан-аяқ тамашалайды. «Неге?» дейсіз ғой. Бұл кісілер Астанаға тек жарыс көру үшін ғана келе жатқан жоқ. ЮНЕСКО мамандары осы сапарында қазақ елінде ұлттық спорттың даму, өсу-өркендеу барысына баса мән береді. Қос чемпионаттың насихаты мен ұйымдастырылуы өз алдына, үкіметтің осы салаға көзқарасы қандай, ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуы қай деңгейде, ұлттық спортпен республика бойынша неше мың адам шұғылданады, спорт базалары қандай жағдайда? Соны білгісі келеді. Менің ойымша, ол кісілерді толғандырған сұрақ аз емес тәрізді.

— ЮНЕСКО өкілдерінің біздің елдегі ұлттық спортқа осынша мән беруі тегін болмаса керек...

— Дұрыс айтасыз. ЮНЕСКО 2021 жылы ұлттық спорт түрлерінен тұңғыш Олимпиада ойындарын өткізуді жоспарлап отыр. Сол

— Иә, өз жеріміздегі ірі жарыста спортшыларымыздың жеңіске жетуі өте маңызды. Енді теңге ілу мен аударыспақ құрамаларын оқырманға таныстырып өтсеніз.

— Екі құраманың Азия чемпионатына дайындығына республикалық спорт комитеті мен ұлттық спорт қауымдастығы көп еңбек сіңірді. Команда мүшелеріне келсек, Азия чемпионаты қарсаңында екі спорт түрінен арнайы іріктеу болды. Спортшыларға арнап оқу-жаттығу жиындары ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде қос құрама сайдын тасындай жігіттерден жасақталды. Теңге ілуден қазақтың намысын республика чемпионы Мағжан Сапарбек пен 2015 жылғы Азия чемпионы, 2017 жылғы «Ақ бидай» ауыл спорты ойындарының жеңімпазы



ҰЛТТЫҚ СПОРТ – БҰҚАРАЛЫҚ СИПАТ АЛАДЫ



ойындарды атқаруға қазір төрт мемлекет үміткер деп естідік. Төртеудің бірі – Қазақстан. Егер теңге ілу мен аударыспақтан болатын Азия чемпионаттарына ЮНЕСКО мамандарының көңілі толса, ұлттық спортқа байланысты басқа мәселелерді дұрыс көрсете алсақ, 2021 жылғы Олимпиада ойындарының астанасы Астана болуы әбден ықтимал.

— Мынауыңыз тамаша жаңалық екен.

Қысқы Азия ойындары мен дүниежүзілік қысқы Универсиадалық жоғары деңгейде атқарып шыққан Қазақ елі ұлттық спорт Олимпиадасын да жақсы дәрежеде өткізетіні күмән туғызбайды.

— Әзір асықпайық. Астанадағы чемпионат жүлдесіне Түркия, Ресей, Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан құрамалары таласады. Біздің мақсатымыз – екі Азия чемпионатын дұрыстап ұйымдастырып, жақсы нәтижеге қол жеткізу.

Ғалымжан Ізжанов қорғайды. Құраманың аға жаттықтырушысы – елімізге танымал маман Нұркен Байбориев.

Аударыспақшылар бес салмақ бойынша сынға түседі. Аса ауыр салмақта екі дүркін Азия жеңімпазы, құрлықтың абсолютті чемпионы Біржан Қосалиев, ауыр салмақта Азияның 2016 жылғы абсолютті жеңімпазы, құрлықтың екі мәрте чемпионы Сырым Ізбасаров, сонымен қатар 60 келіде «Ақ бидай» ауыл ойындарының жеңімпазы, Азия чемпионатына іріктеу жарысының үздігі Азамат Серғазин, 70 келіде

«Ақ бидай» ауыл ойындарының күміс жүлдегері, Қазақстан чемпионы Шыңғысхан Ержанов, 80 келіде «Ұлы дала ойындары» фестивалінің жеңімпазы, Қазақстанның екі мәрте чемпионы Есімхан Рахмәтұлла сынды санаттарға зор сенім артып отырмыз. Бұл жігіттерді құрлық чемпионатына Қуанышбек Құрамаев пен Жанбатыр Бекмұсаев баптады.

— Қазір нарық заманы, енді жеңімпаздар мен жүлдегерлерге сыйақы жағына тоқталып өтсеніз.

— Ұлттық спорт қауымдастығы қос чемпионаттың жүлде қорын 14 миллион теңге көлемінде белгілеп отыр.

— Астана мерейтойына арналған екі чемпионатта нағыз күштілер топ жарсын деген тілектеміз. Естүімізше, Азия чемпионатынан кейін де жанкүйерлерді ірі ұлттық спорт додалары күтін тұрған тәрізді...

— Дұрыс айтасыз. Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай мәдениет және спорт министрлігі ұлттық спорт түрлерінен тұңғыш «Ұлы дала рухы» фестивалін өткізуді көздеп отыр. Республикалық «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» атқаратын бұл фестиваль 2018 жылғы 13 шілде күні басталып, еліміздің оңтүстік, шығыс, батыс және солтүстік аймақтарындағы іріктеу жарыстары 31 тамызда мәреге жетеді. Қазақ күресі, көкпар, тоғызқұмалақ, асық ату, аударыспақ, жамбы ату және теңге ілуден байтақ еліміздің бар аймағын қамтитын фестивальдің жартылай финалдық және финалдық бәсекелері 7-16 қыркүйек күндері Астана қаласында өтеді. «Ұлы дала рухы» фестивалі кезінде бүтін қазақ даласы ұлттық спорттың дүрмегіне бөленеді. Бұл аламанға ата-баба мұрасын серік еткен барлық майталмандар атсалысады. Ондаған жылдар бойы тұншығып, өрісін жаза алмай келген ұлттық мұрамыз жаңа белеске беттеді. Ғұмыры ұзақ, тірлігі баянды болсын, деп тілейік.

Сұхбаттасқан Раухан ТОҒЫМБАЕВА



Еліміздің білім және ғылым министрлігі ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы жыл сайын волейболдан оқушылар арасында «Шұбар доп» республикалық мектеп лигасын ұйымдастырады.

Жарыс биыл Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясының спорт кешенінде, мамырдың 20-27 аралығында өтті. Доданың басты мақсаты — оқушылардың дене шынықтыру және спортпен айналысуға қызығушылығын арттыру, республика көлемінде волейбол ойынының кең таралуын қамтамасыз ету.

Бұл жарысқа еліміздің әр облысынан тек қыздардан құралған 9 волейбол командасы қатысып, бағын сынады. Бір аптаға созылған тартысты додада Алматы облысының «Талғар» командасы бірінші орынды иеленді. Екінші орынды Алматы қаласының спортшылары алса, үшінші орын ОҚО «Қазығұрт» командасына бұйырды.

орынбасары Николай Ковалик, жарыстың бас төрешісі Людмила Ким қатысты. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұлттық лиганың диплом, медаль және кубогімен марапатталды.

Спорт жарысын ұйымдастырушы ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының директоры С.Мұстафаев «Әрбір өркениетті мемлекеттің алдына қойған басты мақсаты — өз болашақ ұрпағының денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету. Соңғы жылдары волейбол спорты жасөспірімдердің қызығушылығын оятты. Әсіресе, мектептегі оқушылар салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысып, спортты бұқаралық сипатқа



еңбегінің ақталғанына қуаныштымын! Біз Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданына қарасты «Шарбулақ» орта мектебінен келдік. Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыратын осындай додалар жиі ұйымдастырылып тұрса деймін», — деп, оқушыларының жүлдесіне маркайған ұстаз ағынан жарылды.

«Шұбар доп» ұлттық мектеп лигасына қатысқандардың бірі — Маңғыстау облысы командасының ойыншысы Жанерке Асылдың айтуынша, биылғы жарысқа алғаш рет қатысып отыр екен.

Шыр айналған «Шұбар доп»



Спортшыларды салтанатты марапаттау шарасына ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Бас директоры Садых Мұстафаев, Алматы қаласы білім басқармасы «Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибелік орталығы» директорының

айналдырып келе жатыр. Жалпы білім беретін орта мектептің алға қойған негізгі мақсаты — оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастырып, дені сау, күшті, епті, қиындықтан қорықпайтын төзімді, қабілетті азамат тәрбиелеу.

Оқушылар арасында кең тараған ойынның бірі — волейбол. «Шұбар доп» ұлттық мектеп лигасы оқушылар арасында волейбол үздіктерін анықтау мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып жүр. Қателеспесем, жарыс биыл 8-рет ұйымдастырылып отыр. Республика көлемінде мектеп оқушылары асыға күтетін кең ауқымды жарысқа айналды деп толық айта аламын», — деді.

Ал жарыста 3-орынға табан тіреген «Қазығұрт» командасының бапкері Ержан Лесбаевтың айтуынша, олар бұл жарысқа аудандық, облыстық іріктеуден өтіп келіпті. Командасының қарқыны да жаман емес. Жарыс басталған күннен бері қарсылас команданың бәрін ұтып, финалда Алматы және Алматы облысының ұландарына жол берді.

Е.Лесбаев: «Республикалық лигада алғаш рет жоғары нәтижеге қол жеткіздік. Бұл менің командам үшін үлкен жетістік. Оқушыларым тартысты додада жақсы ойын үлгісін көрсетті. Ұстаз әрі бапкер ретінде



✓ «Стратегиялық маңызды міндеттер – елдің барлық өңірінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін жоспарлы дамыту, спорт түрлерінен спорт федерацияларымен ынтымақтасып, спорт секциялары мен спорт саласында қосымша білім беру жүйесінің дамуын ынталандыру».

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Ол «Жүлделі орыннан көрінбесек те, мен үшін қатысқанымыздың өзі бір олжа болды. Барлық команда өте шебер ойын көрсетті. Алдағы жарысқа үлкен дайындықпен келіп, жүлделі орын алуға барымызды саламыз» дегені жеңілістен сабақ алғандай әсер етті.

Ал жарыстың бас төрешісі Л.Ким волейболдың өте тартысты спорт түрі екенін баса айтты. Ол өз сөзінде «Команда болып бөлініп ойнаған жасөспірімдердің ойын өрнегі жиналған қауымға жағымды әсер қалдырғаны рас. Болашақта осы жастардың арасынан әлемге танылатын мықты спортшылар шығатынына сенімдімін» деді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



ok, Kazakhstan!



Талғат ӘШІМОВ – кәсіби фотосуретші. Баспагер-журналист. Еліміздің қайталанбас табиғатын шетелдік басылымдарда танытып жүрген дарынды әріптесіміз. Талғат Post Card.kz айдарымен Балқаш құмдарының әсем көрінісін назарларыңызға ұсынады.

Балқаш құмдары
Балқаш көлінің оңтүстігіне қарай. Қаратал мен Ақсу өзенінің аралығын. Жалқұм құмды шөл алып жатыр. Тыныштығы ғасырға берік өлкенің флорасы мен фаунасы белсенді өмірден көрініс береді.



ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Корей президентінің жоғары марапаты мен алғыс хатына ие болды. Марапатты Алматыда өткен Корей түбегіндегі бейбітшілікті сақтауға арналған дүниежүзілік Корей форумында, Кореяның саяси әріптестік департаментінің директоры Пак Хёнг Иль мырза табыс етті.



Мерейі өсті

Пак Хёнг Иль мырза ҚазҰУ ректоры Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның ғылым мен білім беру саласындағы ынтымақтастығын дамытуға, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға және Кореяны біріктіруге арналған халықтық дипломатияны қалыптастыру ісіне жәрдемдесуге бағытталған еңбегі үшін жоғары марапатқа ие болды деп атап өтті.

Форумда сөз алғандар еліміздің халықаралық аренадағы бітімгершілік рөлінің және оған деген жоғары сенімнің өсіп келе жатқандығын баса айтты.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-кабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2115; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 50 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында тарапайды, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар. Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	---	--	--